

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет
имени Жангир хана

Библиография ученых ЗКАТУ имени Жангир хана

АХМЕТОВ
КИМ
ГУСМАНОВИЧ

Уральск -2010

**Ученые
Западно-Казахстанского
Аграрно-технического университета
им. Жангир хана**



Западно-Казахстанский аграрно-технический университет
имени Жангир хана
Научная библиотека

Ахметов Ким Гусманович
Биобиблиографический
указатель литературы
(1930-2010)

Уральск -2010

Составители: Абдулова Р.Г., зав.отделом научной библиотеки Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана
Кудабаева Г.А., зав.сектором научной библиотеки Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана

Ответственный за выпуск: Есенаманова А. Б., директор научной библиотеки Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана

Предисловие

Имя ученого-экономиста Кима Гусмановича Ахметова вошло в историю Западно-Казахстанского аграрно-технического университета им. Жангир хана и аграрной науки Казахстана. Его труды в области управления, менеджмента и маркетинга, организации сельскохозяйственного производства в условиях рыночной экономики востребованы студентами и молодыми учеными нескольких поколений.

Указатель открывается кратким очерком о научной, научно-организационной и общественной деятельности К. Г. Ахметова. В специальной рубрике даны описания авторефератов диссертаций, выполненных и защищенных под руководством К. Г. Ахметова. Раздел “Список научных трудов” включает все работы ученого с 1966 по 2010 гг. Работы расположены в хронологическом порядке, внутри - в алфавитном порядке.

Все описания произведены в соответствии с ГОСТами библиографического описания, соавторы указаны.

При составлении указателя были использованы каталоги и картотеки Западно-Казахстанского аграрно-технического университета, систематический указатель “Сельскохозяйственная литература”.

Указатель рассчитан на ученых и специалистов сельского хозяйства, преподавателей и студентов, библиотечных работников. Отбор материала закончен в мае 2010 г.

Краткий очерк научной, научно-организационной и общественной деятельности К.Г. Ахметова

Ахметов Ким Гусманович - профессор, член-корреспондент АЕН Республики Казахстан, Заслуженный деятель Республики Казахстан. Он родился в поселке Джамбейта Западно-Казахстанской области 13 октября 1930 г.

Отец Ахметов Гусман 1892 года рождения, окончил в 1916 г. Илекское 2-х годичное педучилище (Оренбургская область). Начал работать учителем. В 1921-1924 годах принимал активное участие в работе ЧОН в борьбе с бандитизмом и по снабжению населения продовольствием. Под его руководством в 1924 г. была построена и открыта Бултуртинская школа.

В 1930 году был выдвинут на руководящую советскую работу, был избран председателем Арысского райисполкома Чимкентской области, назначен зам. заведующего Чимкентского облсельхозуправления, затем начальником облгосстраха г. Чимкента.

С 1937 по 1938 годы член партколлегии КПК в г. Алма-Ата. С 1938 года по 1942 год работал управляющим облабакторга в г. Петропавловске, с 1942-1950 годы, в годы Отечественной войны и послевоенные годы председателем колхоза «Алга» Джамбейтинского района.

С 1950 года находился на советской и профсоюзной работе. С 1957 г. персональный пенсионер республиканского значения.

После ухода на пенсию до конца своей жизни принимал активное участие в общественной жизни области. Его статьи о борьбе с бандитизмом, строительстве школ в регионе, встречах с видными государственными деятелями, как Сакеном Сейфуллиным и другими неоднократно публиковались на страницах республиканских и областных газетах.

Неоднократно встречался с ветеранами гражданской и отечественных войн, коллективами школ, сельхозпредприятий города и районов области.

Он был членом КПСС с 1923 года, персональным пенсионером республиканского значения. Его заслуги отмечены орденами и медалями. Скончался он в 1970 году.

Мать Ахметова Загипа, родилась в 1905 году, скончалась в 1964 году, домохозяйка.

В 1948 г. Ахметов К. Г. окончил Джамбейтинскую среднюю школу.

В послевоенные годы в республике ощущалась острая нехватка специалистов. Республиканское правительство обратилось в центральные органы с просьбой о подготовке кадров в центральных вузах страны. В 1948 г. было принято решение о направлении казахской молодежи, успешно закончившую среднюю школу или техникум в ведущие вузы городов Москвы и Ленинграда.

Было дано задание каждой области республики об отборе и направлении успешно закончивших среднюю школу в г. Алма-Аты КазГУ для участия на конкурсе в центральные вузы.

По Западно-Казахстанской области школьным отделом обкома КПК (зав. отделом Бартыков А.) были отобраны 30 выпускников из них 5 человек прошли конкурс и были зачислены в Московские вузы, в их числе был и Ахметов К.Г. Он поступил в Московскую, ордена Ленина сельскохозяйственную академию имени К. А. Тимирязева.

Тимирязевская академия в то время была лучшим сельхозвузом страны. Несмотря на то, что видные ученые-биологи были изгнаны из академии после печально известной августовской сессии ВАСХНИЛ 1948 года научный потенциал вуза был очень высок. Кафедры и факультеты академии возглавляли известные академики, профессора Попов И. С., Николаев А. И., Редькин А. П., Лискун Е. Ф., Сметнев С. И. и др. Каждый из перечисленных ученых имели, допущенных Главком Минвуза СССР учебники и читали перед будущими специалистами лекции. Так, по кормлению сельскохозяйственных животных лекции читал и являлся автором учебника «Кормление сельскохозяйственных животных» профессор Попов И. С., по «Овцеводству» профессор Николаев А. И., по

«Свиноводству» профессор Редькин А. П., по «Птицеводству» профессор Сметнев С. И. и т.д. Они же были ответственными за развитие науки в той или иной отрасли в ВАСХНИЛ.

Академия к тому времени имела прекрасно оборудованные лаборатории, опытные помещения, теплицы, фермы, учхозы, где проводили лабораторно-практические занятия, учебные практики. На производственную практику обычно студентов посылали в лучшие сельскохозяйственные предприятия страны.

Вот в таких условиях в стенах академии Ахметов К. Г. получил обширные и глубокие знания. Под руководством академика Николаева А. И. студент Ахметов К. Г. выполняет и успешно защищает дипломную работу на тему: «Эффективность ранневесенних окотов». После окончания академии он получил специальность ученый зоотехник.

В 1953 году состоялся первый послевоенный выпуск академии из Казахстана всего 8 человек. Среди них, впоследствии Герой Социалистического труда, государственный деятель Ауелбеков Е. Н., академик НАН и ВАСХНИЛ Медеубеков К. У., ученые Кожасов О., Кауанов Б., бывший директор Республиканской Госплемстанции Каримов Р. И др.

После окончания академии работает преподавателем, заместителем директора Уральской школы по подготовке и переподготовке председателей колхозов, а затем в 1955 г. избирается в числе тридцатитысячников председателем экономически отстающего колхоза им. Энгельса Джангалинского района. В течение трех лет работы председателем хозяйство становится высокорентабельным и К. Г. Ахметова выдвигают председателем Джаныбекского райисполкома. Работая в течение 12 лет в партийно-советских и хозяйственных органах, К. Г. Ахметов показал себя умелым организатором сельскохозяйственного производства, за что был награжден правительственными наградами.

Одновременно работая в партийных, советских и хозяйственных органах он поступает в аспирантуру КНИИЖа и уже в стенах Зап.Каз.СХИ завершает и успешно защищает диссертацию на соискание кандидата сельскохозяйственных наук, под руководством доктора экономических наук Абдуллина В. А.

С 1967 года вся научно-производственная деятельность К. Г. Ахметова связана с Западно-Казахстанским сельхозинститутом.

В октябре 1967 года избран на должность доцента кафедры организации и планирования сельскохозяйственного производства Западно-Казахстанского института, в 1968 году избран заведующим этой же кафедрой, а 25 февраля 1972 года приказом МСХ СССР назначается проректором по научной работе.

За 43 года работы в университете, в том числе 24 года в качестве проректора по научной работе, К. Г. Ахметов внес большой вклад в организации науки, техники и во внедрение достижений науки в сельскохозяйственное производство Западного Казахстана.

В начале 70-х годов институт не имел научных подразделений, в исследованиях преобладала многотемность, уровень остепененности преподавателей был низок, не превышал 30 %, годовой объем хоздоговорных работ составлял 38 тыс. рублей.

Время работы Ахметова К. Г. как проректора по научной работе, как одного из руководителей коллективом является периодом роста института, становления его не только как учебного, но и научного центра.

В 1972 году был организован научно-исследовательский сектор (НИС), которым бесценно руководил Б. А. Лившиц. В разные годы инженером-патентоведом работали Лукин В. П., Нургалиева Ж. А.

Благодаря усилиям К. Г. Ахметова в структуре научно-производственных подразделений института были созданы совместное казахстано-российская научная фирма «Аспан», научно-производственный центр «Зерде», научно-производственное малое предприятие «Зерек», 11 научно-исследовательских лабораторий, аспирантура.

Ученые института выполняли исследования по тематике Уральского НЦ НАН РК, по республиканским научно-техническим программ, основные разделы координировании научными учреждениями НАН РК, Казахской сельхозакадемией, НИИ и вузами СНГ. В институте сформировались научные школы и направления. Были усовершенствованы

отдельные элементы почвозащитной системы земледелия в условиях Западного Казахстана и внедрены в хозяйствах области на площади 1,5 млн. гектаров.

Учеными института выведены новая акжайкская порода полутонкорунных мясошерстных овец с кроссбредной шерстью, которая апробирована государственной комиссией МСХ РК и утверждена как новая акжайкская порода овец. Авторами новой породы были Траисов Б.Б., Кудряков К. Г.

Были широко развернуты исследования по проблемам воспроизводства и сохранения почвенного плодородия. Группа ученых по заказу «Карачаганакгазпрома» проводила исследования, в результате установлена возможность восстановления плодородия почв в сильной степени засоленных и пораженных углеводородами во время аварий на промысле.

Более десяти лет работала аналитическая лаборатория по исследованию объектов окружающей среды (руководитель профессор Киянский В. В.), в течение которого доказала свой профессионализм и исследования отличались научной глубиной и актуальностью.

Группа ученых факультета механизации разработали и внедрили в хозяйствах Западного Казахстана более двадцати различных машин для основной обработки почвы.

Группа ученых зооинженерного факультета вели исследования по новым направлениям науки, разрабатывали и внедряли биотехнологические приемы воспроизводства и селекции высокопродуктивных животных в Западном Казахстане. Велись исследования по разработке и подготовке кормов к скармливанию.

По результатам исследований учеными института в годы работы К. Г. Ахметова проректором по научной работе было разработано 20 новых технологий, 18 новых видов оборудования (машин, рабочих органов), разработано и издано более 10 рекомендаций, внедрено более 70 научно-исследовательских разработок. Преподавателями и сотрудниками института получено более 60 авторских свидетельств и патентов.

К. Г. Ахметов много времени уделял созданию научного потенциала и наиболее полному его использованию. За сравнительно непродолжительное существование института сложился крупный научный потенциал.

Под руководством К. Г. Ахметова успешно защитили кандидатскую диссертацию 7 аспирантов и 5 магистерских диссертаций.

Результаты исследований ученых кафедр, научного центра, научно-производственных предприятий используются и пропагандируются в лекционных курсах и на практических занятиях.

К. Г. Ахметов был известным в Казахстане ученым в области экономики. Основное научное направление его исследований - организация и управление в животноводстве. Им был изучен вопрос эффективности новых форм организации труда в овцеводстве Уральской области, на основе чего разработаны рекомендации по дальнейшему совершенствованию методов и приемов ведения этой отрасли животноводства. Рекомендованные автором новые формы организации труда получили широкое распространение в Западно-Казахстанской, Семипалатинской, Актюбинской, Атырауской и ряде других областей Республики Казахстан.

Большое внимание он уделяет теоретическому обоснованию проводимых в настоящее время экономических реформ.

К. Г. Ахметов являлся руководителем и исполнителем темы «Разработка и внедрение системы менеджмента качества в АО «Интергаз Центральная Азия».

По результатам научных разработок им поданы многочисленные рекомендации, которые нашли практическое применение в ходе реализации экономического эксперимента по внедрению в сельскохозяйственное производство новых форм хозяйствования.

К. Г. Ахметов опубликовал лично и в соавторстве 273 научных, научно-методических работ, учебников и учебных пособий, монографий, рекомендаций. Наиболее важным из них являются такие монографии и труды: «Животноводство Западного Казахстана», «Справочник зооинженера», «Экономика, организации и управление АПК Казахстана», «Научная организация труда в овцеводстве», «Основы рыночной экономики», «Передовой

опыт: внедрение», «Основы менеджмента», «Управление сельскохозяйственным производством», «Организация служб маркетинга в сельском животноводстве» и др.

Учебники «Основы менеджмента», «Менеджмент негіздері» «Управление сельскохозяйственным производством», широко используется в учебном процессе в вузах республики и странах СНГ.

В 1978 году по распоряжению Совета Министров КазССР от 15 июня 1976 г. издательством «Кайнар» под редакцией К. Г. Ахметова издана книга «Рекомендации по системе ведения с/х в Уральской области», где на основе научных исследований, обобщения передового опыта даны рекомендации на перспективу дальнейшего развитию сельхозпроизводства.

В 2004 году под редакцией К. Г. Ахметова по решению акимата области была подготовлена и издана книга «Система ведения сельского хозяйства Западно-Казахстанской области».

В последние годы К. Г. Ахметов занимался сбором материалов из самых разнообразных источников и изучением истории возникновения и развития родственных отношений и генеалогических линий казахов населяющих Западный Казахстан и близлежащие области РФ (Астраханская, Саратовская, Оренбургская, Самарская и др. области). Традиции сохранять в памяти имена предков, родоначальников присуще всем народам, населяющих Землю, в т.ч. и казахам. На основе исследований им лично и в соавторстве подготовлены и выпущены следующие монографии: Сұлтансиық шежіресі, 2000 ж. (в соавторстве), Байұлы мен Жетіру және Төре, Төлеңгіт, Ноғай қазақ шежіресі, 2000 ж., Жетіру шежіресі (Тана, Табын және Кердері) 2004ж., Бөкейлік төлеңгіттер, 2006 ж. (в соавторстве), Кіші жүз Алаша руының шежіресі, 2006 ж., Кіші жүз Асқар (Байбақты, Жанбақты, Тыңбақты) және Тана руларының шежіресі, 2008 ж., Кіші жүз сегіз арыс Масқар руының шежіресі, 2009 ж. (в соавторстве).

К. Г. Ахметов был квалифицированным, профессиональным, высокоподготовленным педагогом. На высоком научно-методическом уровне он более 40 лет читал лекционные курсы по управлению сельскохозяйственным производством, менеджменту.

Учитывая крупные достижения в научной и учебно-методической деятельности, чтение на высоком научно-методическом уровне лекции, наличие учебников и учебных пособий для вузов с грифом МСХ СССР и МСХ РК, а также активное участие в подготовке научных и научно-педагогических кадров и в общественной жизни института К. Г. Ахметову ВАК СССР в 1989 г. присвоил ученое звание профессора, 21 марта 1997 г. избран членом-корреспондентом АЕН.

За активную и плодотворную работу профессор К. Г. Ахметов награжден двумя орденами «Знак Почета», медалями, двумя Почетными Грамотами Верховного Совета Казахской ССР, грамотами МСХ СССР, МСХ РК, Всесоюзного научно-технического общества, медалями ВДНХ, значком «За отличные успехи в работе».

Указом Президента РК от 12 декабря 2002 г. ему присвоено почетное звание «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері». Являлся «Почетным гражданином» Джангалинского и Сырымского районов.

Жена, Ахметова Бигайша Халиковна, окончила в 1955 году Московский государственный экономический институт, по специальности экономист. Работала по специальности в Саралжинской МТС, в Джангалинском, Джаныбекском райплане, в Западно-Казахстанском облуправлении сельского хозяйства.

Имеют 3 сыновей, дочь, 8 внуков и 2 правнука.

К. Г. Ахметов, скончался после тяжелой продолжительной болезни 2 мая 2010 года.


Сегодня его ученики и последователи продолжают и совершенствуют его научные идеи. Светлая память о Ким Гусмановиче навсегда сохранится в сердцах всех, кто знал его, слушал его лекции, применял его рекомендации, работал рядом.

Основные даты жизни и деятельности Ахметова К. Г.

1930	13 октября родился в пос. Джамбейта Западно-Казахстанской области
1948	Окончил среднюю школу в пос. Джамбейта
1948-1953	Учеба в Московской сельскохозяйственной академии им. К.А.Тимирязева
1953-1954	Преподаватель в Уральской сельскохозяйственной средней школе по подготовке и переподготовке председателей колхозов
1954-1955	Заместитель директора по курсам, в той же школе
1955-1958	Председатель колхоза им. Энгельса Джангалинского района, Западно-Казахстанской области
1956	Награжден медалью “За освоение целинных и залежных земель”
1956	Избран на XXIII партийной конференции членом Джангалинского районного комитета КП Казахстана.
1956	Избран членом Западно-Казахстанского областного комитета ЛКСМК
1958-1959	Начальник Джангалинской районной сельскохозяйственной инспекции
1959	Избран на XXIV партийной конференции членом Джаныбекского районного комитета КП Казахстана
1959	Избран по Астраханскому избирательному округу депутатом в Западно-Казахстанский областной Совет депутатов трудящихся (VII созыва)
1959-1962	Председатель Джаныбекского райисполкома
1960	Награжден Грамотой Верховного Совета Казахской ССР
1960	Избран на XV областной партийной конференции членом Западно-Казахстанского областного комитета КП Казахстана
1962	Избран на XVI областной партийной конференции членом Западно-Казахстанского областного комитета КП Казахстана
1962-1963	Первый секретарь Джаныбекского райкома КП Казахстана
1963	Утвержден участником ВДНХ СССР
1963	Награжден бронзовой медалью ВДНХ СССР
1963	Избран по Камыстинскому избирательному округу депутатом в Западно-Казахстанский областной Совет депутатов трудящихся (VIII созыва)
1964	Избран на XVII областной партийной конференции членом уральского областного комитета КП Казахстана
1963-1965	Начальник Джаныбекского райсельхозуправления
1965-1967	Первый заместитель начальника Западно-Казахстанского областного управления сельского хозяйства
1966	Избран на XVIII областной партийной конференции членом Уральского областного комитета КП Казахстана
1966	Награжден Орденом “Знак Почета”
1967	Утвержден участником ВДНХ СССР
1967-1968	Доцент кафедры организации сельскохозяйственного производства Западно-Казахстанского СХИ
1968-1972	Заведующий кафедрой той же кафедры
1969	ВАК СССР присуждена ученая степень кандидата сельскохозяйственных наук
1970	Награжден юбилейной медалью “За доблестный труд” в ознаменовании 100-летия со дня рождения В. И. Ленина
1970	Награжден памятным нагрудным значком в честь 50 летия Каз ССР
1971	ВАК СССР утвердил в ученом звании доцента по кафедре “Организация и планирование сельскохозяйственного производства ”
1972-1990	Председатель НТО сельского хозяйства ЗКО

1980	Награжден за заслуги в области высшего образования СССР нагрудным значком “За отличные успехи в работе”
1982	На Казахской республиканской конференции НТО с/х избран делегатом IX съезда НТО сельского хозяйства СССР
1972-1996	Проректор по научной работе Западно-Казахстанского сельскохозяйственного института
1981	Награжден Орденом “Знак Почета”
1982	Государственным Комитетом СССР по народному образованию за заслуги в области высшего образования СССР награжден нагрудным значком “За отличные успехи в работе”
1983	Награжден медалью “Ветеран труда”
1989	Государственным Комитетом СССР по народному образованию присвоено ученое звание профессора по кафедре “Управление и советское право”(курс управления сельскохозяйственного производства)
1990	Присвоено почетное звание “Почетный гражданин Джангалинского района”
1990	Присвоено почетное звание “Почетный гражданин Джаныбекского района”
1996-1999	Заведующий кафедрой “Менеджмента и маркетинга” Западно-Казахстанского аграрного университета
1997	Избран членом-корреспондентом Академии естественных наук Республики Казахстан
1999-2000	Начальник департамента “Менеджмент и экономика”
2000-2003	Заведующий кафедрой «Менеджмента и маркетинга»
2001	Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хатымен марапатталды
2002	Указом Президента Республики Казахстан присвоено почетное звание “Заслуженный деятель Казахстана”
2004	қантардың 30-дағы Президенттің Жарлығымен “Тыңға 50 жыл” мерекелік медалімен наградталды
2005	Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 14 қыркүйектегі Жарлығымен “1941-1945жж Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 60 жыл” мерекелік медалімен наградталды
2004-2010	профессор кафедры “Менеджмента и маркетинга”

Ким Ғұсманұлы Ахметовтың шежіресі



Өнеге тұтар аға

Бозымов Қ. Қ.
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан
аграрлық-техникалық университетінің ректоры,
ауылшаруашылық ғылымдарының докторы, профессор

Қазақта «Бір ағашта мың бұтақ, біреуі-ақ қамшыға сап» деген нақыл сөз бар. Осы қанатты сөзге лайық өмір бойы елеулі еңбек етіп, кейінгі толқын інілеріне қорған әрі тірек бола білген адам ретінде Ким Ғұсманұлын атасақ, қателеспеген болар едік. Өйткені университетте 43 жыл тынымсыз еңбек етіп, ғылымға да, ауылшаруашылық саласындағы кадрларды әзірлеуге де қомақты үлес қосқан ғалым.

Ахметов Ким Ғұсманұлы 1930 жылы қазан айының 13-інде Батыс Қазақстан облысы Жымпиты ауылында дүниеге келген. 1948 жылы Мәскеу қаласындағы К.А.Тимирязев атындағы академияға оқуға түсіп, кейін аталмыш академияны зоотехник мамандығы бойынша бітіреді. Осы кезден бастап Ким Ғұсманұлы небір соқтықпалы - соқпақты кезеңдерге толы сан тарау жолдардан өтеді. Әйтсе де, «өмірде ащыны татып көрмесек, тәттінің дәмін білер ме едік» дегендей, Ким ағамыздың төккен терінің жемісін көрер уақыт та көп ұзамады. Академиядан кейін мұғалімдік қызмет атқарып, Орал қаласының ұжымшар/колхоз/ басшыларын дайындайтын мектептің директорының орынбасары қызметін атқарып, 1955 жылы экономикалық дамуы жағынан артта қалған Ф. Энгельс атындағы колхозға басшы болып сайланады. Үш жылғы ауылшаруашылық саласындағы төгілген терден кейін жоғары нәтижеге қол жеткізген К.Ф.Ахметов Жәнібек аудандық атқару комитетіне басшы етіп тағайындалады. Он екі жыл бойы түрлі партиялық және ауылшаруашылық саласындағы мекемелерде қызмет атқара келе, К.Ф.Ахметов өзін ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді ұйымдастыруда білікті маман етіп көрсете алды.

1967 жылдан бері К. Ғ. Ахметовтың ғылыми жұмысы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтымен тікелей байланысты. Осы жылдың қазан айында Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтының «Ауылшаруашылық өнімдерін ұйымдастыру және жоспарлау» кафедрасының доценті қызметіне қабылданса, 1968 жылы аталмыш кафедра меңгерушісі, 1972 жылғы ақпан айының 25-індегі Ауылшаруашылық министрлігінің бұйрығы бойынша институттың ғылыми істер жөніндегі проректоры қызметіне тағайындалды.

К. Ғ. Ахметов университетте 43 еңбек етіп, соның 24 жылында институттың ғылыми істер жөніндегі проректоры қызметінде болып, ғылымға және ауылшаруашылық саласындағы кадрларды даярлауға көл-көсір үлес қоса білді.

Бұл кезеңде Ким Ғұсманұлының ұйымдастырушылық қызметінің арқасында институттың ғылыми өндірістік құрылымында «Аспан» атты қазақ-орыс біріккен ғылыми фирмасы, «Зерде» ғылыми-өндірістік орталығы, «Зерек» ғылыми-өндірістік шағын кәсіпорыны, сондай-ақ, 11 ғылыми-зерттеу зертханасы құрылып, сала мамандықтары бойынша аспирантура ашылды.

К.Ф.Ахметовтың ғылыми жетекшілігімен 7 аспирант кандидаттық, 5 магистрант магистрлік диссертацияларын сәтті қорғап шықты.

К.Ф.Ахметов - Қазақстан Республикасындағы экономика саласы бойынша танымал ғалымдардың бірі. Негізгі зерттеу жұмысының бағыты-мал шаруашылығын ұйымдастыру және басқару. Ол Батыс Қазақстан облысындағы қой шаруашылығын дамыту ісінің қарқынды жүруінің жаңа формаларын зерттеді. Осы саладағы зерттеулерінің нәтижесінде өңіріміздегі қой шаруашылығын дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері екшеліп, өндіріске енгізілді. Сәйкесінше, автордың ғылыми жаңалықтары Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан, Семей, Ақтөбе, Атырау және өзге де аймақтарына кең етек жайды.

К.Ф.Ахметов көп жылғы зерттеулерінің нәтижесінде 1969 жылы «Қой шаруашылығы саласындағы жұмыстарды ұйымдастырудың жаңа формаларының тиімділігі» / «Эффективность новых форм организации труда в овцеводстве»/ тақырыбында кандидаттық

диссертациясын абыроймен қорғап шықты. Осы зерттеулерден бастау алған құлашты ізденістер барысында ғалым қазіргі таңдағы елімізде өркен жайған экономикалық реформалардың теориялық құрылымдарына баса назар аудара білді.

Профессор Қ.Ғ.Ахметовтың ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері барысындағы тұжырымдары мен арнайы эксперимент негізінде тәжірибеден өткізе әзірлеген кепілдемелері ауылшаруашылық өнімдерін ұлғайтудың тиімді жаңа формалары ретінде өндіріске енгізілді. Ғалым өз тарапынан және өзге әріптестерімен бірлестікте 269 ғылыми, ғылыми-әдістемелік еңбектер, оқулық, оқу құралдарын әзірлей білді. Баспадан жарық көрген елеулі еңбектерінің сапынан «Батыс Қазақстанның мал шаруашылығы» /«Животноводство Западного Казахстана»/, «Қой шаруашылығы саласындағы жұмыстарды ғылыми тұрғыда ұйымдастыру» /«Научная организация труда в овцеводстве»/, «Зооинженердің анықтамалығы» /«Справочник зооинженера»/, «Агроөндірістік кешен менеджментінің ұйымдастырылуы мен басқарылуы және экономикасы» /«Экономика, организация и управление АПК менеджмента»/, «Ауылшаруашылық өндірісін басқару» /«Управление сельскохозяйственным производством»/, «Ауылдық жердегі мал шаруашылығында маркетингі қызметін ұйымдастыру» /«Организация служб маркетинга в сельском животноводстве»/ сияқты монографиялық зерделеу еңбектерін атар едік. Қазіргі таңда ғалымның «Менеджмент негіздері» /«Основы менеджмента»/, «Ауылшаруашылық өндірісін басқару» /«Управление сельскохозяйственным производством»/ сынды оқулықтары тек Қазақстанның ғана емес, тіпті ТМД елдерінің жоғары оқу орындарында қолданыста.

1978 жылы «Қайнар» баспасынан Қ.Ғ.Ахметовтің «Орал облысының ауылшаруашылығын өркендетудің жүйесі туралы ұсыныстар»/«Рекомендации по системе ведение с/х Уральской области» атты еңбегі басылым көрді. Аталмыш еңбекте өңір ауылшаруашылығын дамытуға орайлас көп жылғы ғылыми зерттеулерінің, тәжірибелерінің тұжырымдамалары ұсынылған. Ғалым ағамыздың кең көлемдегі ғылыми-әдістемелік дәрежеде дәріс оқуы, жоғары оқу орындарына арнап жазылған оқулықтары, институттың күнделікті өміріндегі ғылыми және ғылыми-әдістемелік кадрлар дайындаудағы белсенділігі үшін Қ.Ғ.Ахметовке 1989 жылы профессор атағы беріліп, 1997 жылы ЖҒА-ның корреспондент мүшесі болып сайланды. Ал 2004 жылы облыс әкімшілігі шешімі бойынша Қ.Ғ.Ахметов жетекшілігімен «Батыс Қазақстан облысы ауыл шаруашылығы дамуының жүйесі»/«Система ведения сельского хозяйства Западно-Казахстанской области»/ атты еңбегі басылым көрді.

Профессор Қ.Ғ.Ахметов белсенді және жемісті еңбегі үшін екі рет «Құрмет белгісі» орденімен, бірқатар медальдармен, екі рет Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің, Ауылшаруашылық министрлігінің мақтау қағаздарымен, БХШК/ВДНХ/ медалімен, «Еңбектегі үздік табыстары үшін» /«За отличные успехи в работе»/ белгісімен марапатталады. Ал Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 16 желтоқсандағы Жарлығы бойынша Қ.Ғ.Ахметовке «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Ол Жаңақала және Сырым аудандарының «Құрметті азаматы» болды. Бұл айтылғандарға қоса, соңғы жылдары Ким Ғұсманұлы ағамыз Батыс Қазақстан аймағындағы тұрғылықты қазақтардың шығу тегі хақындағы шежірелік еңбектерді жинақтаумен айналысты. Ғалым ақсақалымыздың бұл реттегі жарық көрген еңбектерінің өзі бір шоғыр.

Мақсат биігіне жол салып, сол жолда қажырлы еңбек еткен Ким Ғұсманұлының жеткен жетістіктері еліміздің жаңаруына, өсіп-өркендеуіне едәуір септігін тигізді.

Ғалымның жарқын бейнесі университетіміздің тарихында өз орынын алып, жазып кеткен еңбектерінің білімді де саналы ұрпақ тәрбиелеуде үлесі зор болмақ.

Алғашқы мектептердің бірі

Ғ. Ахметов, дербес пенсионер
Орал қаласы, 1967 жыл

Кезінде Тайпақ, Қаратөбе, Жымпиты аудандарының жерін алып жатқан Жымпиты уезі 1923 жылы бірнеше ұсақ болыстардан тұратын. Сол жылы сентябрьде ұсақ болыстар біріктіріліп, ірілендірілген болыстар құрыла бастады. Бұрынғы Тамды, Бұлдырты болыстарының жеріне Жымпиты, Соналы болыстарынан үш ауыл қосылып, ол Бұлдырты болысы деп аталады. Бұл болысқа 14 ауыл қарады.

Сентябрьдің екінші жартысында ауылдық Советтердің сайлауы өткізіліп, болыстық съезд шақырылды. Съезд Бұлдырты болыстық атқару комитетінің председателі етіп мені, орынбасарлығына Аяқали Ғабдуллинді, секретарлығына Құрман Жандалинді сайлады. Мен ол кезде Жымпиты уездік партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істейтінмін. Жаңа сайланған болыстық атқару комитеті іске қызу кірісті. Ауылдағы үгіт-насихат жұмыстарына, ескі әдеп-ғұрыптарымен күресуге, Совет өкіметінің саясатын халыққа түсіндіруге Совет ерекше көңіл бөліп отырды. Тағы бір айрықша маңызды мәселе мектеп ашу, сауатсыздықты жою жұмыстары болды.

Ол кезде бүкіл болыс көлемінде небәрі үш-ақ бастуаыш мектеп болатын. Олар ауылдағы балаларды тегіс қамти алмады. Ал кедей шаруалардың балалары жетім-жесірлер мектеп дегенді тіпті білмейтін. Сондықтан Совет қайткен күнде де болыс көлемінде ең болмаса бір мектеп-интернат салуды мақсат етіп қойды. Ең қиыны қаражат табу болды.

1924 жылы майда болыстық атқару комитетінің мәжілісі өткізіліп, онда мектеп және интернат салуға қаржы табудың жолы іздестірілді. Ақырында әлді шаруаларға өзара салық салу есебінен 6 мың сом ақша жинап, 70 балалық интернат салуға ұйғарылды. Совет ірі қараға аударғанда бес және одан аз малы бар шаруаларды салықтан құтқару, мектеп құрылысына қажетті қаржыны әлді шаруаларға малының санына қарай бөліп салу туралы қаулы алды.

Өзара салық арқылы қаражат жинауға рұқсат етілмейтіндігін пайдаланып, қиқандаған байлар да болды. Бірақ Совет активистері оларға жол бермеді. Мұхамбетқали Мырзағалиев, Жұмағұл Өтелгенов, Сүлеймен Әлжанов, Оразғали Рахметов сияқты активистер салық жинауда зор белсенділік көрсетті. Нәтижесінде жиырма күн ішінде өз-ара салық түгел жиналып, Советке тапсырылды. Советтің бұл істеп жатқандары заңсыз деп, губерниялық финанс бөлімі біздің үстімізден губерниялық партия комитеті мен жұмысшы-шаруа инспекциясының (РКИ) губерниялық комитетіне арыз беріпті. Кешікпей сол арызды тексеруге Оралдан комиссия келді. Комиссия істеліп жатқанның бәрі кедей шаруа балаларының қамы үшін екенін анықтап, Совет дұрыс бағыт ұстап отыр деген тұжырымға келді.

Комиссия мүшелерінің қорытындысы біздерді рухтандыра түсті. Бұдан кейін мектеп пен интернат салу ісіне қызу кірістік. Қажетті материалдар алу үшін Орынборға әдейі кісі жібердік. Құрылыс бригадасы тағайындалып, онымен шарт жасалды. Бригаданы Хабиболла Оразбаев, Бексұлтан Тілеулиев басқарды. Орынбордан тақтай сатып алынды. Тас соғуға кірісілді, Сөйтіп, сентябрьдің аяғында мектептің екі корпусы тұрғызылып та болды.

Мектептің орны жөнінде де бірталай айтыс, таластар болды. Ауыл байлары Жақсығали, Төлеп Есполовтар, хазрет Біләл Абдрахманов дегендер Советтің мектеп пен интернат салуға белгіленген жері біздің жеріміз, онда мешіт бар, ал мешіт жанынан мектеп салуға болмайды деп таласты. Бірақ болыстық атқару комитетінің шешімімен орын мәселесі тез шешілді. Мектеп жанынан Советтің кеңсесі салынып, сол жерді болыстың орталығы етуге ұйғарылды.

1924 жылы октябрьдің басында Бұлдырты мектебімен 70 балалық интернат пайдалануға берілді. Мектеп меңгерушісі болып Ақбала Көпжасаров тағайындалды. Жас өспірімдерді өз

Отанының адал азаматтары етіп тәрбиелеуде мұғалімдер Файзолла Ғұсманов, Дүйсенбай Тәжібаев, Жайман Күбішевтер елеулі үлес қосты.

1930 жылы Бұлдыртыда етті мал өсіретін совхоз құрылды. Қазір «Бұлдырты» совхозы егіншілігі мен мал шаруашылығы қатар өркендеген аудандағы ірі шаруашылықтардың біріне айналды.

1925 жылы Бұлдырты болыстық Советінің үлгісімен өзара салықтан жиналған қаражатқа Жақсыбай, Ащысай болыстарында да мектептер салынды. Бұл игі істің инициаторлары болыстық атқару комитеттерінің сол кездегі басшылары Баймұқан Бейбітов (кейін мұғалім болды), Тілекқабыл Толыбаев және Шүкімановтар болды.

Содан бері Бұлдырты мектебін жүздеген адам бітіріп шықты. Осы мектептің түлектері қазір халық шаруашылығының күллі салаларында еңбек етіп жүр.

Бұлдырты орта мектебінің оқушылары мен мұғалімдер коллективі, пионер, комсомол ұйымдары Совет өкіметі тұсында облыстағы алғашқы ашылған өз мектептерінің тарихын жинастырса, мектеп жанынан музей бөлме ашса, Ұлы Октябрь социалистік революциясының даңқты 50 жылдығына лайықты тарту қосқан болар еді.

Елмен бірге есейген Бұлдырты орта мектебіне 80 жыл

**Тасболат Сембиев, мектептің 1957 жылғы түлегі,
Сырым ауданының құрметті азаматы.**

Әркімнің де өмірінде жүрекке жылы да ыстық ұшырап тұратын асылы болатыны белгілі. Менің де көңілде ұялап, ардақ тұтатын қымбат нәрсем бар екенін жасыруға болмайды. Ол - Ұшқан ұя, мектебім, білім берген ұстаздарым. Бар адамзат баласы ең әуелі ата-анасына, екінші мектебі мен ұстаздарына қарыздар. Сол өтелмейтін қарыздың тамшысы ретінде Жымпиты өңірінде тұңғыш ашылған білім ордасы туралы сыр шертпекпін. Бұрынғы «Коммуна» бастауыш мектебінен бастау алатын, қазіргі ауданымыздағы білім ордаларының қара шаңырағының бірі - Бұлдырты орта мектебіне үстіміздегі жылы 80 жыл толып отыр. Осы елеулі оқиғаға байланысты біз Ұзақбай Ермұхамбетов екеуіміз ұшқан ұямыз туралы деректер жинап, оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік. Мақалалар кейбір деректердің дәл болмауы немесе кейбір адамдардың аталмай қалуы да мүмкін, ол үшін кешірім өтінемін.

Бұлдырты орта мектебінің алғашқы «Коммуна» мектебі деп аталуына тоқталып өтейік. 1924 жылы «Коммуна» мектебі алғашқы оқушыларды қабылдайды. Сол жылы мектепте Файзолла Ғұсманов, Өтеш Байғабылов, Дүйсен Тәжібаев есімді үш мұғалім ғана жұмыс жасаған. Ол кезде мектепте 100-ден асатын кедей батырақтардың балалары қабылданып, оларға жетпіс орындық интернат ашылған. Мұның өзі осы күндердегі интернаттардың алғашқы нышаны еді. Мектеп пен интернаттың салынуына, оқуды ұйымшылдықпен бастап кетуіне сол кездегі Бұлдырты болыстық атқару комитетінің төрағасы Ғұсман Ахметов көп еңбек сіңірген еді. Ол 1922 жылдан КПСС мүшесі, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер, Азамат соғысының ардагері. 1970 жылы Орал қаласында қайтыс болды.

Он төрт ауылдық кеңестен құралған болыстың жұмысында халық ағарту жұмысы осылай басталған еді. Ол кезде әрбір болыста екі-үш бастауыш мектеп болды. Бірақ ол мектептерде түгел 14 кеңестің балаларын қамту мүмкіндігі болмады. Соның ішінде жетімдер, шаруалар балаларының көпшілігі мектепке қолы жетпеді. Сондықтан мектеп салуды басты мақсат етіп қойған Ғұсман Ахметов атамыз 1924 жылы мамыр айының ішінде болыстық атқару комитетінің мәжілісін өткізеді. Онда Ғ. Ахметовтің мектеп салу ұсынысы қабылданып, байлар мен әлді шаруалардан 6000 сом қаржы жиналады. Мектепке керекті материалдарды тас соқтыру, ағаш тауып оны орын-орынға жеткізу, мектеп жарын қалау тағы басқа жұмыстарды толық орындау үшін Б. Тілеуішов, Х. Оразбаев деген екі адаммен шарт жасасып, мектепті 1924 жылы 1 қыркүйекке бітіру үшін тағы да қосымша қаржы бөлінеді. Кейбір адамдар, тіпті, күндіз-түні тегін жұмыс жасады. Жаңадан ашылған мектепте оқып, білім алуға деген халықтың ынтасы жоғары болды.

Бұрынғы «Коммуна» мектебінің орны кейіннен ауданнан 60 шақырым, облыс орталығынан 215 шақырым қашықтықта жатқан Бұлдырты өзенінің жағасында 1930 жылы құрылған № 437 Бұлдырты ет совхозының орталығы болды.

Бұлдырты «Коммуна» мектебінің салынған жері екі ауылдың шекарасы болатын. Сондықтан екі ауылдың оқушылары қатынасып оқуға қолайлы еді.

Қазіргі Абай атындағы совхоздың «Социализм» пунктінен бастап, Бұлдырты өзенінің екі беті - он төрт ауыл. Екінші беті Қарақұдықтан бастап он бес ауыл немесе Қарақұнан, Қарынбай жері деп аталған. Жаңа өмірдің жаңаша оқуына құмарланған жастар мектепке бару үшін жаппай арыз берді. Мектепке қабылдау жұмысы бес күн жүрді. Қабылдау комиссиясына Ғұсман Ахметов төраға болып, оның құрамы жеті адамнан тұрды. Жиналғандар арасында ұстаздар Ғұсманов Файзолла, Өтеш Байғабылов, Ақбала Көпжасаров, Дүйсенғали Тәжібаев, Аяққали Ғабдуллин, Бәтима Жұбатырова т.б. елдің көзі ашық азаматтары болды.

Мектептің ашылу салтанаты, болыстық атқару комитетінің төрағасы Ғ. Ахметов ашып, қуаныштарына ортақтаса отырып, мектептің аты «Коммуна» болсын дегенде жиналғандар ду қол шапалақтап қарсы алды.

Осылайша «Коммуна» мектебі бәйтерек ағаштай жыл сайын тамырланып, жапырағын жая берді. Мектеп әрі қарай күн көру үшін өз алдына жеке шаруашылығын жүргізді. Мектептің шаруашылығын басқаруға сол жердің туып-өскен азаматы Оразғали Рахметов тағайындалды. Ол кісі өзі тумасынан өте қарапайым, көбіне жұмысты өзі қолдап, басқаға үлгі болатын адам еді. Оразғали қария мектеп шаруашылығын 25 жылдан астам басқарады. Алғашқы кезде мұғалімдер арасында жоғары білімділер жоқ болатын. Сондықтан мектеп оқушылары арасында тәжірибелік жұмыстар өз дәрежесінде болмағанын да жасыруға болмайды. Мектепте әр түрлі үйірмелер, спорт ойындары ұйымдастырылып, оқушылар да соған бейімділе бастады. Үйірме мүшелері Молдаш Қаналиев, Әнуар Көшербаев, Жайлау Кәкімов т.б. белсенділік танытып, совхоз орталығына, фермаларға шығып, халық алдында концерт қойып, лекциялар оқып, мектеп беделін көтеруге өз үлестерін қосып жүрді. Сонымен 1930 жылы № 437 Бұлдырты ет совхозы құрылғанда мектепте алты мұғалім, 200-ге тарта оқушы болған.

1935 жылы «Коммуна» мектебі Бұлдырты орта мектебіне айналып, мұғалімдер саны он екі, оқушылар саны 250-ге жетті. 1937 жылы мектепте он бес мұғалім, 366 оқушы болған. 1942-1943 оқу жылынан бастап мектепте сабақ қазақ және орыс тілдерінде жүргізілген. Ұлы Отан соғысы алдында ұстаздардың білімі негізінен техникум, курстар бітірген жастармен толықтырылып отырды. Жастардың білім алуына Отан соғысының басталуы да қиындықтар әкелді. Бірқатар мұғалімдер мен жоғары класс оқушыларына майданға аттануға тура келді. Олардың ішінде мектеп оқушылары Серік Кәкімов, Семғали Төлегенов, Қазыбек Мырзағалиев, Кенжебек Рамазанов т.б. Ұлы Отан соғысынан кейін де өздерінің туып-өскен Бұлдырты совхозында еңбек етіп, ел экономикасын көтеруге өз үлестерін қоса білді. Семғали Төлегенов ағамыз бен Айман апайымыз екеуі 12 бала тәрбиелеп, еңбектің зейнетін көріп, бақытты өмір кешуде. Кәкімов Серік ағамыз да көп жыл ішкі істер бөлімінде еңбек етіп, 80 жасында өмірден өтті. Әрине, айта берсек мұндай есімдер ауданымызда көптеп саналады. Оның бәрін бір мақалаға енгізу мүмкін емес.

Сексен жыл Бұлдырты орта мектебінен үш мыңнан астам оқушы тәрбиеленіп шықты. Олардың ішінде Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының секретары болған Ә. Әміреев, СОКП XXIII съезінің, Бүкілодақтық колхозшылар III съезінің делегаты, Қазақ ҚСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, М. Қаналиев, медицина ғылымдарының докторы О. Хабиев, тарих ғылымдарының докторы Ч. Мусин, Республикаға еңбегі сіңген мәдениет қайраткерлері Ұ. Ершориева, Д. Қажымов, ҚР Жаратылыстану академиясының корреспондент мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор К. Ахметов, ғылым кандидаты М. Ахметов, жазушы Мұқадес Еслямғалиев, Қазақстан журналистер одағының мүшесі, облысқа танымал ағаларымыз Ғ. Махметов, Т. Бисалиев, Қазақстанға еңбегі сіңген дәрігер марқұм Сәбит Жонысов т.б. - осы мектептің түлектері.

«Бұлдырты мектебі - адам жасап шығаратын ұстахана ғой» деген Сәбит ағаның сөзі әлі есімде. Өзі өмірден ерте кетсе де, ұшқан ұясы туралы қандай ұлағатты сөз қалдырған. Бұлдырты мектебін алғашқы бітірген, бес баланың бірі марқұм Рашид Әміреев ағамыз көп жыл Жымпиты, Қаратөбе аудандарында оқытушы болған, ол мектеп туралы былай деген еді: «Шіркін, Т. Балпейісов, А. Ниеталиев, А. Шайхиев, А. Жұмашев ағаларымыздың өз істеріне берілгені сонша мектепте түнеп жатып, қосымша сабақтар ұйымдастыратын».

Шіркін, Т. Балпейісовтың «Қамар сұлу» поэмасын жатқа айтып тұрып, әндетіп жіберген жерлері әлі естен кетпейді» дейтін. Мысалы, сол кездегі мектеп директорлары мен орынбасарлары марқұм Қадем Кенжеғұлов, Айтқали Жұмашев, А. Штромберггер, А. Вегеле, Х. Ишанғалиев, О. Абдрахманов, қазіргі уақытта зейнеткер 90 жастағы М. Өтешов, зейнеткерлер Қ. Мамашева, Р. Есенғалиева, С. Әлжанова, Н. Байғалиева, Ш. Қажығалиев, Е. Кахов, т.б. алдарында өмір бойы қарыздармыз деп санаймын.

Осы ұстаздар білім нәрін беруден жалыққан жоқ. Олар ауылдың алғашқы зиялыларын тәрбиелеп шығарды. Өмірден өз орындарын тауып, қоғамға қалтықсыз қызмет етті. Туған жерінің мақтанышына айнала білді. Қазір ортамызда жүрген кейінгі толқын інілеріміз М. Оңғарбеков, К. Төлегенов, М. Төреғалиев, қазіргі мектеп директоры А. Төлегенова, Г. Ергалиева, А. Аңшыбай, С. Меңдіғалиев, К. Әлпейісов, С. Бисембиев т. б. - осы мектептің түлектері, бүгінгі заманның көш бастушылары.

Бұлдыртының «Алтынсарині»

Тастай Исмағұлов, зейнеткер

1954 жылдың жазында Тасқұдықтан Жымпитыға шыққанбыз. Ол уақытта шаруашылықтарда бірлі-жарым машина бар да олардың жүруінен тұруы көп. Қосалқы бөлшек қат, қазіргідей жол да жоқ.

Жаңбыр жауып, жолда Аралтөбеге қонатын болдық. Көлік Шідертіден өте алмайды. Машина Ғұсман ағайдың үйіне жақын тоқтаған екен, түстім де сол үйге кірдім. Кіруін кіргенмен қонақтары бар екен, ыңғайсызданып қалдым. Бірақ үй иелері танып «қош келдің» деп қолпаштап жатыр. «Қонақ аз отырып, көп сынайды» демекші, Ғұсекең колхоз басқарып тұрғанда да тұрмысы мен ішіп-жемінің қатардағы кохозшылардан айырмасы болған жоқ дейтін. Совхозда да солай екен. Бұл кісі бастықпын деп барды бауырына басып, елден ерекшеленетін адам емес екен деп ой түйдім.

Шай мен астың арасында қызу әңгіме басталды. Әңгіме бір ретіне орай ру, тайпаға ауысты. Ғұсекең: «рушылдық қазіргі солақай саясаткерлердің айтып жүргеніндей іріткі салудың құралы емес, қайта ағайын татулығы мен бірлігінің ұйытқысы» - деді. Қонақтардың ішінде егде тартса да ата-тегін айыра алмайтындары бар екен. Шалалау білетіндері Ғұсекеңмен таласады. Қызды-қыздымен мен де араласып кетіппін. «Баласынып отырсам сенің тым-тәуір хабарың бар екен ғой» деп риза болып Ғұсекең арқамнан қақты. Содан отырғандар: «ата көрген оқ жонар» деген, бұл Құрмаштың баласы емес пе?» - деп әңгімені менің әкеме бұрды. Ғұсман ағамыз әңгіме шертті.

«Жымпиты ауданында 6 болыс болды. Соның бірі - Бұлдырты болысы. Мен сол болыста басшылық еттім.

1922 жылы ауданда жалғыз жеті жылдық мектеп бар еді, ол да ауданның орталығында. Біз сол 1923 жылы Бұлдырты болысынан мектеп ашып бала оқытпаққа талпындық. Бірақ ниетімізді орындау оңайға түскен жоқ. Мектепке, жатаққа үй керек. Еңбекақы мәселесін шешу де қиын. 1921 жылғы аштықтан елдің күйзеліп қалған кезі. Мектеп ашсаң оқуға кедейдің балаларын тарту керек. Оларды қалай тамақтандыраарсың? Осы қиындықтың бәріне қарамастан Қарақұдықта (Бұлдыртының бір бөлімшесі) Кенжеқазы, Махмет деген азаматтардың отбасының шағындығын пайдаланып ағайындарымен бірге тұруға көндірдік. Бірін жатақ, бірін мектепке пайдаланып сол жылы 17 бала оқыттық. Мұғалімдікке Әлібеков Ғұбайдолла мен Өмешев Құрмашты шақырдық. Бірақ бұл жолдастар келесі жылы аудан басшыларының жұмсауымен басқа жұмыстарға ауысып кетті. Қарақұдықтай емес, Бұлдырты орталыққа лайықтырақ болғасын, 1924 жылы тас соқтырып, Тайыр деген шеберді пайдаланып төрт бөлмелі мектеп үйін салдық. Сөйтіп, қазіргі Бұлдырты орта мектебінің негізі қаланды.

Құрман төңкеріске дейін мешітте халфе болды. Осы халфелігі болашағына кесір болып жабысты. Әйтпесе жан-жақты сауатты, ағып тұрған ақын адам еді ғой. Өзінің жайлы да жұғымды мінезіне орай ешкім түрткілемегендіктен, саяси қуғын-сүргіннен аман қалды. Оған да шүкір».

Сол қонақтардың алдында өзінің жазып жүрген Кіші жүз шежіресі бар екен, соны маған сыйлады. Мен ол шежірені қастерлеп сақтап жүрмін. Бұл күнде баласы Ким Ғұсманұлының шежіреші болуы ата жолын қууы деп топшылаймын.

1968 жылы жазда Ахметов Ғұсманмен қазақтың белгілі азаматы Хамит Чурин Жымпитыға келді. Ғұсекең ел-жұртты бірге аралап шығуға ниет еткен ғой. Аудан басшыларымен кездесе керек. Бізге аупарткомның екінші хатшысы Ағәділов хабарлап, өзі алып келді. Хамитпен кездесеміз, Ғұсекеңмен дидактасып, сәлемдесеміз деп біздің КПСС XXII съезі атындағы совхоздың адамдары клубқа жиналды. Ағаға деген құрмет ұлағатты әңгімеге жалғасып, есте қаларлықтай кездесу болды. Ғұсекең бізге кідірмеді. Оның себебін Хамит ағай айтты: «Мына Ғұсман Бұлдыртыда болыс болдым, Бұлдырты орта мектебінің іргетасын қаладым, соғыс және соғыстан кейінгі ауыр жылдарда Бұлдырты бойында он жыл

колхоз басқардым, Өзтөбе - ата жұртым, ауылдастарыммен дидарласамын, ағайындарымды бауырыма басамын деп үздігіп тұр. Оның үстіне Шүкіров Дінмұханбет менің ағайыным. Ол Жымпитыға 1939 жылы келді. Менің содан бері қатынасып тұрғаным осы. Сол үйден түстеніп жолға шығамыз» деп қоштасты. Кездесуіміздің ақыр соңы осы болатынын кім білген.

Хамит Чурин атындағы қаланың қақ ортасында көше бар. Дұрыс. Ол көшенің атын оқығанда-ақ жүректе жылы леп еседі.

«Арық есіктің алдынан ақса, қадірі болмайды» деп өзбек ағайындар айтқан. Шындығында өз ортамызда өмір кешкен, көп жыл шаруашылық, ел басқарған Ахметов Ғұсман да сондай ілтипатқа лайық. Өзі іргетасын қалаған Бұлдырты орта мектебіне 80 жыл. Орай келіп тұрғанда Ахметов Ғұсман атындағы Бұлдырты орта мектебі деп атаса дұрыс болар еді, ағайын.

Игілікті істер атқарып із қалдырған перзент

Мәжит Жаданов
Қазақстанның құрметті журналисі

Өмір тірлігінде көрген қиындығына жасымайтын, ұстанған бағытынан айнымайтын, ерік-жігері мықты адамдар болады.

Өзінің қабілеттілігімен, іздемпаздығымен, парасаттылығымен қажырлы еңбегінің арқасында Қазақтың халық еліне кісілігімен танылған перзенттердің бірі - белгілі профессор Ахметов Ким Ғұсманұлы.

Тарқатып айтсақ, 1930 жылы қазан айының 13 жұлдызында Жымпиты ауылында дүниеге келген.

Ата-анасы перзенттеріне тамырлы тәрбие берумен қатар оларды имандылық пен парасаттылыққа, еңбекқорлық пен білімдарлыққа баулышты. Ұяда көргенін іліп, жақсылық шарапатын бойына дарытқан Ким орта мектепті бітірген соң Мәскеу қаласындағы К. А. Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясына 1948 жылы оқуға түсті. Білім бұлағынан кәусарын қандырған жас жігіт, оқу орнын 1953 жылы зоотехник мамандығы бойынша тәмамдады.

Ауыл шаруашылығы Министрлігінің жолдауымен Ким Ғұсманұлы еңбек жолын Орал қаласындағы колхоздың басшы кадрларын даярлайтын мектепте оқытушылықтан бастап, кейін оны мектеп директорының орынбасары болып қызмет атқарумен жалғастырды.

Сол кезде КОКП Орталық Комитеті секретариатының экономикасы нашар шаруашылықтарды көтеру үшін өз қатарынан отыз мың коммунисті ауыл шаруашылығына жіберу туралы қаулысы болды. Осыған орай облыстық партия комитетінің жолдауымен Жаңақала ауданына келген Ким Ғұсманұлы Ф. Энгельс атындағы колхоз басқарма төрағасы болып сайланды.

Ол кездегі колхоздың экономикалық жағдайы нашар болатын. Жері қырлық, табиғи өзен-көлдері жоқ, мал азығынан тапшылық көретін. Колхоздың табысы нашар. Адамдар колхозға бережақты болып қарызға белшесінен батқан. Адамдардың қоғамдық жұмысқа ынталылығы төмен болатын. Осындай жағдайдағы шаруашылықты басқару тізгінін қолға алған Ким Ғұсманұлы не істеп, нелерді тындырды?

Бұрын шаруашылықта білікті маман болмаған-ды. Ким Ғұсманұлы алдымен, шаруашылықтағы қой малына іріктеу, сұрыптау жұмыстарына бас болып өзі жүргізді, селекциялық жұмысты қолға алып, қылшық жүнді саулықтарды биязды жүнді аталықтар мен шағылыстан қолдан ұрықтандырып, нәтижесінде төлдің көп алынуына қол жеткізіп, сапалы жүн өнімінің алынуына қол жеткізді. Сол сияқты ірі қара малының тұқымдық сапасын арттырып, сүт өнімін мол алуына мүмкіндік жасады.

Басшы орындарға мал азығының базасын жасау мәселесін қойып, мемлекеттік қордың Шежін жайылмасынан шабындық жер алып, ірі қара малын аталмыш жерге орналастырып, оның өз төлі есебінен өсуді қамтамасыз етті.

Түйе малының жаз жайылымымен қыстатылуы үшін Қамыс самар көлдері жағасынан тұрақты орын берілді.

Осындай ұйымдастыру шараларының дер кезінде және ұтымды жүргізілуі нәтижесінде шаруашылықтағы әр түліктің жыл сайын 5-6 пайыз өсуі қамтамасыз етілді.

Бағымдағы саулықтардың әр жүзінен бес жыл бойы 127-129 бас қозы алынуын қамтамасыз етіп, жүн өнімінің тапсырмасын артығымен орындағаны үшін Әбіл Мендібаев атамыз Социалистік Еңбек Ері атанды. Жылқышы Е. Құтқожин Ленин орденін иеленді.

Ким Ғұсманұлы шаруашылықта егіншіліктің көлемін ұлғайтуда, оның өнімділігін арттыруды қат-қабат жүргізді. Егіс көлемі екі мың гектарға жеткізілсе, оның тікелей басшылық етуі тұңғыш рет 800 гектар жерге шаршы ұялы әдіспен жүгері дақылы егіліп сауын ғұрталарын қамтамасыз еткендей сүрлем салынды. Соның нәтижесінде сауыншылар М. Кисимова, М. Фильманова т.б. сүт өндіру тапсырмасын екі есе арттырып орындады.

Шаруашылықтың экономикасын көтеруге септік жасаған шараның бірі - одақтық үкіметтің ауыл шаруашылық өнімдерінің (астық, ет, жүн, сүт) сатып алу бағасын ұлғайтуына ынталы болды.

Ким Ғұсманұлының шаруашылық жүйесіне колхозшыларға ақшалай аванс берумен еңбекке деген ынталылығын арттыруға мүмкіндік жасады. Осындай ұтымды шараларды жүргізу арқылы колхозшылардың әлеуметтік және материалдық жағдайы жақсарды.

Егер статистикалық мәліметтерге жүгінсек Ким Ғұсманұлы басқарған жылдарда шаруашылықтағы ірі қара 1643 басқа, қой 12.471 басқа, жылқы 831 басқа, түйе 286 басқа жетіпті. Әр жылдың қорытындысында шаруашылықтың қоржынына миллиондаған сом таза пайда түсіпті.

Осындай жетістікке жетуіміздің басты себебі ұжымдық шаруашылықта ынтымақ пен бірліктің қалыптасуының нәтижесі. Тапсырылған істі әр адамның аса жауапкершілікпен атқарудағы ынталылығы. Шаруашылықтың ішкі құрылымындағы еңбек бөлінісі мен еңбекті ұйымдастыра білудің нәтижесі.

Осы тұста ферма меңгерушілері: Измұқан Байқуатовтың, С. Иманбаевтың егіс бригадирі Е. Төлешовтың, басқарма төрағасының орынбасары С. Жакуповтың т.б. уақытпен санаспай еңбек адамдарын ортақ мақсатқа жұмылдыра білгендігінің айғағы деп айтқанымыз абзал, - деген еді өткенді еске алғанда Ким Ғұсманұлы.

Ұжымдық шаруашылықты ғылым негізінде басқару жүйесін қалыптастырып, іске сыналып, ұйымдастыру қабілетімен танылған Ким Ғұсманұлы аудандық ауылшаруашылық инспекциясының бастығына жоғарылатылды. Ол өзімен шамалас жоғары оқу орындарын бітірген мамандармен аппаратын толықтырды. Сөйтіп, аудан шаруашылықтарының өркендеу деңгейін көтеру жолында ғылымға негізделген іс шараларды жүзеге асырды. Оның басшылық етуімен ауданда тұңғыш рет «колхоздарда ауыл шаруашылық өнімдерінің өзіндік құнын арзандатудың жолдары» туралы экономикалық конференция өткізілді. Конференция аталмыш мәселе жөнінде құрамында 33 мүшесі бар экономикалық Кеңес құрылды. Кеңес жыл қорытындысы бойынша әр шаруашылықта өндірілген өнімнің өзіндік құнына талдау жасайтын болды. Осындай іргелі іс шаралардың нәтижесінде аудан шаруашылықтары рентабельділікке қол жеткізді.

Ким Ғұсманұлымен кезінде бірге жұмыстас болған көне көзділер айтқанындай «Кимнің құлшыққұм ауылындағы, Жаңақазан селосындағы жүріп өткен табан іздері әлі күнге сайрап жатыр». Бұл кезінде игілікті істер атқарып, артында айтып жүретін із қалдырғанның белгісі. Жақсының шарапаты осындай болмақ.

Ким Ғұсманұлы облыстық партия комитетінің жолдауымен 1959 жылдың наурыз айында Жәнібек аудандық кеңес атқару комитеті төрағасы қызметін атқаруға жоғарлатылды. Кейін ол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, ауыл шаруашылық басқармасы қызметтерін мінсіз атқару мен аудан экономикасы мен мәдениетінің дамуына, халықтың әл-ауқатының артуына сүбелі үлес қосты. Оның облыстық ауыл шаруашылық басқарма бастығының бірінші орынбасары болып қызмет атқарған кезіндегі тындырған істері өз алдына бір төбе.

«Ғылымда даңғыл жол жоқ. Оның биік шыңына жалықпай өрмелеген адам шыға алады» деген қағидаға сүйенген Ким Ғұсманұлы қайсарлықпен ғылымға бір жола бетбұрыс жасады.

Ахметов К. Ғ. Болашақ өндірісті-ғылыми қызметін 1967 жылдан бастап Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтымен байланыстырды. Ол институттың ауыл шаруашылық өндірісін жоспарлау және ұйымдастыру кафедрасына доцент болып сайланды.

Ахметов К. Ғ. БҚАТУ-де 43 жыл қызмет істеген, соның ішіндегі 24 жылын университет ректорының ғылыми жұмыс жөніндегі проректоры болған. Осынша уақыт ішінде мыңдаған шәкіртке дәріс беріп, қаншама адамды білім бұлағына сусындатты десеңші!!

Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылық өндірісіне ғылым мен техника жетістіктерінің енгізілуіне қомақты үлес қосқан осы Ким Ғұсманұлы емес пе?

Ким Ғұсманұлының тікелей белсенділікпен араласып, күш-жігерлі ұйымдастырушылық жұмыстарының нәтижесінде бұрын оқу орны құрылымында болмаған Ресей-Қазақстан

бірлескен «Аспан» ғылыми фирмасы, «Зерде» ғылыми өндірістік орталық, «Зерек» шағын ғылыми-өндірістік кәсіпорын, 11 ғылыми зерттеу зертханасы және аспирантура дүниеге келді.

Ол университет ғалымдарының етті-жүнді «Ақжайық» қой тұқымын шығаруға басшылық етті.

Ахметовтың ғылыми жұмысы жөніндегі проректорлық қызмет атқарған жылдарда университет ғалымдарының көптеген жаңалықтары өндіріске енгізіліп, олардың авторлық куәліктері мен патент алуына мүмкіндік жасалды, оның басшылық етуімен оқу орнының ғылыми потенциалы артты.

Ахметов К. Ғ. басшылығымен 7 аспирант, 5 магистрант кандидаттық диссертациясын табысты қорғады.

Ким Ғұсманұлының өз қолымен жазған және бірлескен авторлықпен 270 астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік, оқулықтар мен оқулықтарға қосымшалар, монографиялар мен ұсыныстар жарық көрді. Сондай-ақ кіші жүз тарихын зерттеп жеті шежіре кітабын шығарды.

Ким Ғұсманұлы ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты, жаратылыстану ғылымдары Академиясының корреспондент-мүшесі. «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері». БҚАТУ-ң «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының профессоры. Жаңақала, Сырым аудандарының «Құрметті азаматы».

Профессор Ахметов К. Ғ. Отан алдында атқарған жемісті еңбегі үшін екі мәрте «Құрмет белгісі» орденімен, жаратылыстану ғылымдары Академиясының алты медалімен, екі мәрте ҚР жоғарғы кеңесінің «Құрмет Грамотасы» мен ҚСРО және ҚР ауыл шаруашылық министрлігінің грамоталарымен, БОХШЖ көрмесінің медалімен, «Еңбектегі үздік жетістіктері үшін» төстік белгімен марапатталған еді.

Профессор Ким Ғұсманұлының табысты және алаңсыз еңбек етіп, Достастық елдеріне белгілі де танымал ғалым болуына оның жан серігі Биғайшаның қосқан үлесі зор.

Биғайшада Мәскеудің мемлекеттік экономикалық институтында оқып, оны экономист мамандығы бойынша бітірген адам. Екеуінің тағдарын тоғыстырып, 56 жыл отауласқан. Олар Қуаныш, Асылбек, Еркін, Ақмарал есімді перзент өсіріп, оларға тағылымды тәрбие беріп, оқытып, әр қайсының отау тігуіне мүмкіндік жасады. Қазір осы балаларынан жеті немере, екі шөбере сүйді. Ахметовтар отбасының жұбайлық силастығына жұртшылық қызыға қарады. Отбасының ұйтқысы Биғайшаның қазақтың келіні деген мәртебелі атаққа кір келтірмеуі оның әйел намысын қорғаудағы парасаттылығында, өзін-өзі ұстай білудегі кісілігінде.

Ким Ғұсманұлының барлық қасиеттерін саралай келе, адамгершілігі мол, кісіліктің барлық ұлттық белгілерін бойына дарытқан, жұмыс істеген жерінде ұмытылмас із қалдырған үлкен әріпті азамат деп білгенбіз.

Ардақты азамат, Ұлағатты ұстаз

Қ. Сәбденов,

Қазақ Ұлттық Университетінің профессоры,
академик, Қазақстанға еңбегі сіңген қайраткер.

Ким Ғұсманұлы Ахметовпен біздің таныс болып тонның ішкі бауындай тығыз араласқанымызға елу жылдан астам уақыт өткен екен. Өткен XX ғасырдың елуінші жылдары зайыбым Әмина Зайреденқызы Қуанышева екеуміз малдәрігерлік техникум, сонан кейін Алматы малдәрігерлік - зоотехникалық институтын бітіріп, мемлекеттік жолдамамен Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданына: мен Бас малдәрігер, ал Әмина малдәрігерлік зертхананың директоры болып жұмысқа бардық. Ол кезде ауданды басқарып отырған ауылпарткомның бірінші хатшысы адамгершілігі мол, кеменгер басшы Жұманияз Илиясов болатын. Ол кісі алыстағы мал шаруашылығымен шұғылданатын аудан үшін соғыстан кейінгі кезде өркендеп өсуі үшін білімді маман кадрлар аса қажет екендігін жақсы білетін. Сондықтан ауданға, шаруашылық басшылығына жер-жерден білімді, тәжірибелі, қарымды, іскер, іздемпаз азаматтарды шақырып, оларға жақсы қызмет жасауға жағдай туғызатын шын мәніндегі елдің қамқоршы басшысы болатын.

Ол кезде Жаңақала ауданында 14 ұшымжар (колхоз) Мәштексай және Саралжын МТСінің қамтуында болатын. Жаңадан ауданға келген жас маманға Жұманияз Илиясовтың қамқорлығы ғой - мені сол екі аймақтың шаруашылық басшыларын МТС орталығына әдейі жинап, өзі алып барып елге таныстырды. Саралжын МТС-нің аймағына барғанда Ахметов Ким Ғұсманұлымен таныстым.

Ким Ғұсманұлын Жұманияз Илиясов бір-екі жыл бұрын, сол кездегі одақ бойынша болған білімді кадрларды ауыл шаруашылығына басшы етіп жіберу қозғалысының есебімен 30-мыңшылардың қатарында Энгельс ұжымшарына төраға етіп сайлаған екен. Бұл жас, білімді басшымен біздің жұмыс жөніндегі қарым-қатынасымыз түсіністікпен және ыстық ықыласпен қалыптаса бастады.

1958 жылы Ким Ғұсманұлы Одақ бойынша аудандарда ауылшаруашылығы инспекциясы құрылды. Біздің Жаңақала аудандық ауылшаруашылығы инспекциясына басшы болып Ким Ғұсманұлы келді. Мен сол инспекцияның Бас малдәрігері болдым. Бір жылдай өте жақсы қоян-қолтық жұмыс жасады, адами және отбасылық қарым қатынасымыз да тығыздала басталды.

1959 жылы Ким Ғұсманұлы жұмыс бабында өсіп, басқа ауданға басшы болып кетті. Күнделікті қатынасымыз содан сиреді, бірақ Рухани жақын болып хабарласып жүрдік.

1962 жылы Н. С. Хрущев ауыл шаруашылығын басқаруда үлкен өзгерістер жасады. Бірнеше аудандарды біріктіріп теруправлениелер құрды, облыстарда ауыл шаруашылығының басқарма бастығы облаткомның төрағасының бірінші орынбасары болды. Сол кезде Ахметов К. Ғ. Облыстық ауыл шаруашылық басқарма бастығының бірінші орынбасары болып Оралға келді. Ол орын өте үлкен, көп шаруашылық мәселелерді шешетін биік лауазым болды. Біз ол тағайындауға қуандық. Себебі Оралға барған сайын таныс-бауырлас азаматымызға жолығатын болдық. Араласымыз жаңғырып нығая түсті.

Ким Ғұсманұлы бұл орынға келгенше Академиядағы білімін шындап, ұстаздық тәжірибесін іс жүзінде қолданып, қиындығы көп шаруашылық және ауданды басқарудың әдістемелігін меңгеріп, халықты басқарудың әр қилы жағдайынан тәжірибе жинап келген болатын. Сондықтан да өзіне тән ұстамдылығы мен сабырлылығы, инабаттылығы мен терең, білімін орынды пайдалану қабілетімен Облыс, Республика деңгейінде ойлап, істі байыбымен дұрыс шешетін үлкен ұйымдастырушылық қабілетімен облыс еңбеккерлеріне танылып олардың сый құрметіне бөленді.

Әрине сол бағытта Партия-Кенес Қызмет Лауазымына өсіп кететін мүмкіндіктері мол болды. Ондай жақсы ұсыныстар кезінде аз болған жоқ. Бірақ ғылым мен білімге, ұстаздық қызметке, құштарлығы басым болып Ким Ғұсманұлын 1967 жылы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтына алып келді. Ол кезде аталған институт әлі бұғанасы

қатпаған, оқу-материалдық базасы әлсіз, жаңадан қаз-қаз тұрып келе жатқан оқу орны еді. К. Ахметов проректор болып облыс, Республикада белгілі азамат ретінде институттың көркейуіне, қаладан жер алып, бұл кезде жан-жақты дамыған университет қалашығы болып қалыптасуына еңбегін сіңірді. Оның биязылығы, еңбекқорлығы, іздемпаздығы, адамға азамат-тұлға ретінде қарап қатынас жасайтындығы, жайсаң мінезі көптеген рухани, адами, ғылыми табыстарға жеткізді.

Ким Ғұсманұлымен Батыс Қазақстанда мен жұмыс істегенде тығыз байланысты болдық. Шаруашылықта, ауданда істегенде қажет мәселелерді шешуге де көмегі көп тиді.

Ал ең бір үлкен көмегі, менің өміріме өзгеріс әкелген кеңесі. Ол мені Қыйлыбай Үсенұлы Медеубековпен таныстырғаны. Ол кезде Қ. Медеубеков қазақтың малшаруашылығы институтының директоры болатын. Олар Мәскеуде бірге оқыған екен. Сонда мен өмір бағытымды өзгертіп ғылымға кеттім.

Біз үйімізбен 1968 жылы КНИИЖ-ге көшіп келген соң Ким Ғұсманұлы осында аспирант ретінде келіп диссертациясын жазып бітірді. Сол кезде масайрап бір екі ай жақын араластық.

Ким Ахметов ауылшаруашылығының экономикасымен жүздеген ғылыми еңбек жариялап, оңдаған менеджмент пен маркетинг жөнінде оқулық жазған ұлағатты ұстаз, Ғалым.

Ким Ғұсманұлының шәкірттері қазір Алматы, Астана қалаларында, Батыс Қазақстан өлкесінің ауыл, аудан облыс орталықтарында әр қилы қызметте жүр. Соның ішінде әкімдері де, депутаттары да, министрлікте де жүргендері көп. Менің нақты мақтанып айтатыным, Ким Ғұсманұлыны өндіріске, үлкен өмірге бастау болған Жаңақала ауданының әкімі Төлеген Тастайұлы 18 жыл бойы тізгін ұстап отырған азамат - Кимекеңнің шәкірті.

Ким Ғұсманұлының зайыбы Биғайша Мәскеуде атақты жоғары оқу орнын бітірген сауатты да саналы қазақтың сұлу қызы. Қазақы жайдары мінезімен өмірін жан жары үшін, отбасы үшін өмір сүріп келеді. Бұл кезде Бақытты отбасының Мәуелі әжесі болып отыр.

Ким Ғұсманұлы ар-ұят, еңбек, білім-ғылым деген байлыққа басымдық берген, осыларды өмірінің туы етіп ұстап, елге еткен еңбегіне қайтарым сұрамайтын ұлағатты ұстаз, Ардақты азамат еді.

Шебер ұйымдастырушы

Тауысих Мырзағалиев
Еңбек ардагері, Қазақстан ауылшаруашылығына
еңбегі сіңген қызметкер, Бөкейорда ауданының
Құрметті азаматы

Ие, Ким Ғұсманұлы - экономика саласында белгілі, беделді ғалым-оқымысты, тыңдаушысын сүттей ұйытқан ұстаз-профессор еді. Осыдан 52 жыл бұрын, 1959 жылы маусым айында Жәнібек аудандық Атқару комитетінің мәжіліс залында кездестік. Мен ол кезде Жәнібек аудандық ауылшаруашылығы инспекциясының бастығы болып қызмет атқаратынмын.

Іскер басшының жолы қашанда даңғыл. 1989 жылдың жазғы тұрым Т. Ишмақов аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Бұрынғы хатшымыз Е. Сарсенов қызметі жоғарлап, облыс орталығына ауысты. Ауатком төрағасы болып, көрші Жаңғала ауданының Энгельс атындағы колхоз басқарған Ахметов Ким Ғұсманұлы келді.

Мәскеу Тимирязев атындағы ауылшаруашылығы академиясының түлегі. Бұндай жоғарғы оқу орнын бітірген маман ауданда атымен жоқ болатын. Жасымыз қарайлас екен, екеуміз бірден жарасып кеттік. Отбасы көшіп келгенше бірнеше ай біздің үйде тұрды. Кейін жолдасы Биғайшамен, балаларымен араласып, өмірлік жолдас болып кеттік.

Мен, 1954 жылы, жоғарғы оқу бітіргеннен кейін, Шонай МТС-де, одан кейін жаңа ұйымдасқан «Сайхын» қой совхозында бас зоотехник болып қызмет істедім. Ал, 1958 жылы ауданда жаңадан ауылшаруашылығы инспекциясы ұйымдастырылып, бастығы қызметін атқардым.

Ким ақ жарқын, әңгімешіл екен. Ол жаңа жұмысқа кірісімен, мен оның орынбасары ретінде аудан совхоздары мен колхоздарын түгел аралатып шықтым. Ауданның тарихи орындарымен мәдени ошақтарын, экономикасымен таныстырдым. Өткен төрт жылда, яғни «Тың және тыңайған жерлерді игеру» туралы үкімет қаулысынан кейін аудан, совхоз, колхоздарда өндіріс қуаты біршама жақсарғанмен әліде күрделі шешімін күтіп тұрған шаруалар жеткілікті болатын.

Жәнібек ауданы облыстың оңтүстік батысында орналасқан ең шалғай аудан. Ол кезде ауданда 3 совхоз, 2 МТС, 6 колхоз болатын. 1952 жылы таратылған Орда ауданының есебінен жер көлемі ұлғайтылған. Солтүстігінен оңтүстігіне дейін 300 шақырым.

Аудан шаруашылықтарында етті-сүтті бағыттағы ірі кара малы, қой, жылқы, түйе малдары өсірледі, едәуір көлемде егіс салынады. Бірақ, совхоздар болмаса, колхоздардың өндіріс базасы әлжуаз, демек, экономикасы соған сай мүсәпір халде еді. Өндірісті жаңарту, жетілдіру қадамдары енді-енді басталған шақ. Бұл бетбұрыс ауданда кадрлар буынын жаңартумен қосарлана жүргізілді.

Бірінші хатшы мал шаруашылығының шебер маманы, ал жаңа келген ауатком төрағасы ауылшаруашылығының бірегей білімпазы. Ғылым жаңалықтарынан мол хабары бар мамандар. Шаруашылық мәселелерін шешуде оң көзқарас ене бастады. Шала сауатты басшы кадрлар жаңа мамандық иелерімен ауыстырылды. Ауылшаруашылығы инспекциясының бастығы ретінде менің де жағдайым көп жеңілденіп қалды. Аудан көлемінде жұмыс өрге көтеріле бастады.

Ауданымызға жаңа басшы, Ким Ғұсманұлының келісімен байланысты, оның жеке ұсынысымен, қатысуымен істелген кейбір жұмыстарды салалап бермекпін.

Ким Ғұсманұлымен шаруашылықтарды аралау сапарында көзіміздің анық жеткені: еңбек адамдарына тағар айып жоқ, шалашта, жеркепелерде тұрып жатқан, ауыр тұрмыстарына қарамастан, колхоз малын өсіруге бар күштерін салуда. Малды бағып күтуде баяғыдан бері қазақы амал-жаңадан қосылған ешқандай жаңалықтар жоқ екені байқалды. Малды өріске жайып бағылады, мезгілінде суарылады, сиыр сауылады, қой қырқылады, түйе күзеледі, төл есепке алынады - бұлай болуы - басшы-маман кадрлардың болмағандығы.

Кимнің басшылығымен аудан бойынша жеке совхоз, колхоздарда зоотехникалық-селекциялық-малдәрігерлік шаралардың нақтылы жоспарлары жасалап, бекітілді. Алдымен мал шаруашылығы салаларына жас буын мамандармен толықтыру қолға алынды. Мал түрлерін бағалау, сұрыптау (бонитировка) жұмыстары жүргізіліп, аналық гурт, отар, табундар жасақталды. Жергілікті қазақ және қалмақ сиырларын будандастыру үшін Герофорд бұқалары және Ставрополь өлкесінен биязы жүнді Кавказ тұқымдас қошқарлар сатып алынды.

Сол жылдан бастап, қой саулықтарын қолдан ұрықтандыратын пункттер жаппай салынып, қой саулықтарын жүз пайыз қолдан ұрықтандыруға көшірілді. Барлық шаруашылықтарды орталықтандырылған қой қырку пунктері салынды.

Әсіресе, Сайхын совхозының «Соқырқарт» ауылында салынған «Жұлдыз» қой қырку комплексі облыс бойынша үлгілі деп танылды. Келесі жылдары бұл жұмыстар жалғасын тапты.

Шындап іске асыра бастағанымызбен, бұл маңызды шаралардың ауқымы көңіл көншітпейтін. Өйткені, өндірісі шағын колхоздардың асыл тұқымды түлік түрлерін, қажетті техниканы көбірек сатып алуға, материалдық базаны нығайтуға, егіншілік көлемін ұлғайтуға колхоздардың қауқары жетпеді. «Қысқа жіп күрмеуге келмейтін» себебі аяқ-қолымыз матаулы еді. Колхоздарды ірілендірмейінше, мемлекеттік сипат бермейінше қарқынмен ілгері басу мүмкін емес екені дәлелденді. Осы мақсатта, 1962 жылы бұрынғы әлжуаз колхоздар, МТС-лар негізінде ауданда 6 совхоз - Күйгенкөл (Тайыр Жароқов атындағы), Ұзынкөл, Жәнібек, Қайрат, Калинин, Свердлов совхоздары ұйымдастырылды.

Ол совхоздарды білімді, ұйымдастыру қабілеті бар, тәжірибелі совхоз директорлары М. Насимуллин, Г. Е. Панченко, У. Сахипов, Е. Жанғазиев, С. Темешовтар еңбек етті.

Ким Ғұсманұлы төраға, хатшы болып жүрген кездерінде мені де жаңа жұмыстарға тағайындады. 1959 жылы шілде айында Бисен совхозына директор етіп жіберді. Төрт жыл өткеннен кейін, 1964 жылы сәуір айында Орда ауылында, Жаңа Орда совхозын ұйымдастыруға Алматыдан ордалық ардагерлердің ұсынысын қолдап, совхоз директоры етіп тағайындады. Ким Ғұсманұлының бұл сенімін ойдағыдай орындадым деп ойлаймын. Оған дәлел, бірер жылда Орда совхозы облыс, республика көлемінде ең ірі рентабелді шаруашылық болып есептелді. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы көрмесіне Орда совхозы жеңімпаз деп танылып, ВДНХ-ның «Үздік шаруашылық» деген Құрмет белгісімен марапатталды.

Осындай оң істердің нәтижесінде малымыз тұяққа тұяқ қосылып, сол жылдары аудан шаруашылықтарында 241 мың бас қой, 32500 бас ірі қара, 7500 бас жылқы, 1600 бас түйеге жетті.

1964 жылы мемлекетке 120 мың центнер ет, 11 мың центнер сүт, 18,8 центнер жүн, 14 мың тонна астық сатылды. Орда, Сайхын, Талов совхоздары жоғарғы көрсеткіштерге ие болды. Сол жылдары бір адам Социалистік Еңбек Ері, 7 адам Ленин ордені, 8 адам Еңбек Қызыл-Ту ордені, 12 адам «Құрмет Белгісі» ордені, 25 адам әртүрлі медалдармен марапатталды.

Сөз жоқ бұл азды-көпті табыстар өздігімен келген жоқ. Бұған сол кездегі партия, совет, шаруашылық органдарының ұйымдастыру - саяси жұмыстарды пәрменді жүргізген болса, екіншіден ауылшаруашылығын шебер жүргізетін маман кадрлардың өсіп жетілгендігі дәлел.

Ким Ғұсманұлының ұсынысымен Сайхын совхозының аға шопаны Социалистік Еңбек Ері Есимов Ескендірдің ауылында «озат тәжірибе» мектебі ұйымдастырылды. Осы мектептің түлектері Ленин орденді Зинеп Абдрахимова, оренді шопандар Мынбай Сержанов, Сапарғали Жапаров, Марат Мынбаев (Сайхын совхозы), Еңбек Қызыл Ту орденді Имаш Өтешов (Т. Жароқов атындағы совхозы), Еркін Мажитов (Орда совхозы), Талап Есімов (Қайрат совхозы), Айболат Сембиев (Бисен совхозы) өз тәжірибелерін әріптестеріне үйретті. Сол жылдардан бастап аудан орталығында жылда бір рет ауылшаруашылық көрмесі ұйымдастырылды. Ол көрмеде асыл тұқымды малдар, түрлі мал және егін шаруашылығының өнімдерінің экспонаттары қойылды. Озаттар марапатталып, түрлі дипломдар, сыйлықтар

берілді. Ең озат деп табылған алдыңғы қатарлы іс-тәжірибелері облыстық, республикалық, одақтық көрмелерге ұсынылды. Бұл іс өз нәтижесін берді.

Осы орайда ауданда мал өсіру үшін малға өріс керек екені белгілі, жерде жеткілікті. Бірақ бұл мүмкіншілікті пайдалана алмай келдік. Оның басты себебі - жайылым бар жерде суаттар жоқ. Жәнібек ауданы шөлейт зонаға жатады, өзен, көл жоқ. Ким Ғұсманұлының ұсынысы бойынша, Жәнібек МТС жанынан (директоры Гайсин Мұхамедияр, бригадир Е. И. Скобцев) әдейі су құрылысын салатын бригада жасақталды. Ол бригада аудан территориясында 50 бөгет, 35 тоған, 460 шеген құдық салып, 500 мың гектар жайылымдық жер суландырылды.

Сонымен қатар, Сайхын совхозында Мұратсай су жүйесі салынып, 1400 гектар алаңда дұрыс суаратын жүйе салынды. Екіншіден Волгоград су қоймасынан ауданға Палласовка-Жәнібек су жүйесі қосылып, Волга өзенінің суы келді.

Ким Ғұсманұлы мал азығының базасын жасау жөнінде де айтарлықтай жұмыстар істеді. Топырақ құрамына ауа-райының қолайсыз болуына қарамастан, шөп өнімін көп беретін дақыл - қара бидай егіс көлемі ұлғайтылды.

Нәтижесінде 1964-1965 жылдары мал азығы үшін егілетін қара бидай егісі 55 мың гектарға жеткізіліп, малға керекті шөптің 30 пайызын құрады.

Аудан жерінің топырақ құрамы сортаң. Бұл жерлерді түбегейлі өңдеу, мал азығының бір және көп жылдық шөптер, дәнді дақылдар егу үшін ССРО Ғылым Академиясының Жәнібек станциоларының көп жылдық тәжірибесі бойынша егістікті кемінде 40-45 см тереңдікте жыртып, содан кейін өңдеу арқылы мол өнім алуға болатынын дәлелдеді. Осы әдіс аудан шаруашылықтарында қолданылды. 1965 жылы көпжылдық екпе шөптің көлемі 12 мың гектарға жеткізілді. Дәнді дақылдардың көлемі 15 пайызға өсті.

Ким Ғұсманұлы төраға, бірінші хатшы болып жұмыс істеген жылдары аудан халқының мәдениеті, тұрмыс-жағдайлары жылдан жылға жақсара түсті. Бұрынғы жер кепе, жатаған үйлер келмеске кетті. Совхоз, ферма орталықтарында мал қыстақтарында шифрленген қиық төбелі үйлер, жаңа көшелер пайда болды. Ондаған магазин, клуб, монша, бастауыш мектеп үйлері, фельдшерлік пункттер салынды.

Ол кездегі Жәнібек ауданының жер балансындағы 200 мың гектар жер Капустин Яр полигонының қарауында болды. Келісім бойынша сынақтан бос кезінде полигон жерінде мал жаюға, мал тамағын дайындауға болады. Аудан басшысы ретінде Ахметов К. Г. Капустин Яр қаласына барып, ядролық-ракеталық техника ғылымының докторы, генерал-полковник П. М. Вознюктің қабылдауында болып, жылма-жыл келісім-шарт жасап отырды. Нәтижесінде, М. Маметова, Орда, Бисен совхоздары полигон жерін жоспарлы түрде пайдаланып, шаруашылықтардың рентабелділігі жақсарды.

Қайран Нарын өңірінде 42 жыл өмірім өтті. Осы уақыт ішінде ой-санама тапжылмастан екі тұжырым түйдім. Бірінші - колхоз, совхоз, аудан дегендер - ауылдағы халықтың соның ішінде үлкенді-кішілі кадрлардың бірегей академиясы. Теориялық білімді нақты іс-тәжірибемен бекітіп шыңдайды, ширатады, кемелдендіріп өсіреді. Ал, Ким Ғұсманұлы осы академияның барлық сатысынан өткен, толық курсын тамамдаған, ғұмырлық сабақ алған – профессор еді.

Екіншіден ауыл - қазақтың алтын бесігі. Небір жақсылар мен жайсаңдар ауылдан шыққан. Ким Ғұсманұлы ауылда тәрбиеленіп, сонда шыңдалып қанат қаққан азамат. Сондықтан өмірге көзқарасы орнықты, сөзге шебер, ойға ұста, уәдеге берік ұстаз болатын.

Ученый, педагог, человек

Джубаев Сергей Шугаевич

профессор, академик инженерной и
естественных академий РК,

1989-2000 годы ректор Западно-Казахстанского

Аграрного университета,

Почетный гражданин города Уральска

Познакомились, мы в 1968 году, когда Ахметов Ким Гусманович работал заведующим кафедрой организации сельскохозяйственного производства Западно-Казахстанского СХИ, а я, молодой преподаватель института, только-только набирался опыта, знакомился с коллегами, учился уму-разуму.

Более тесно стал общаться с Ким Гусмановичем по научной деятельности позднее, когда он был назначен в 1972 году проректором по научной работе. Примерно в то же время резко возрос объем НИР, в институте был организован научно-исследовательский сектор (НИС), который впоследствии перерос в научно-исследовательскую часть, туда вошли аспирантура, патентно-лицензионный отдел и межфакультетская научная лаборатория.

Деятельность Ким Гусмановича, как организатора науки проявилась именно в период работы проректором, это по его инициативе и личном руководстве создавались на факультетах научно-методические советы, которые определяли перспективы и пути дальнейшего развития научных исследований.

В тяжелые 90-ые годы, когда институт испытывал финансовые и материальные затруднения, не остановилась научная работа. Напротив, в целях поддержания преподавателей, создания материальной заинтересованности, были организованы 4 малых научно-производственных предприятия (МНПП). Учредителями малых предприятий стал институт.

Эти малые предприятия создавали научно-техническую продукцию, внедряли в производство, с участием ППС, аспирантов и студентов, резко увеличилось число изобретений и патентов, студенты были задействованы в изготовлении экспериментальных установок, их испытаний и внедрений. Они воочию видели результаты своей работы, многие после окончания института оставались на кафедрах, направлялись в целевую аспирантуру, выполняли НИР по форме соискателей.

Именно из числа таких талантливых, пытливых студентов, в последствии, вышли кандидаты наук, доктора наук, ведущие ученые современного Аграрно-технического университета (Бозымов К. К., Траисов Б. Б., Гумаров Г. С., Айталиев Е. С. и др.).

Малые предприятия «Зерде», «Земледелие», «Зерек», ППП «Аспан» выполняли ежегодно объем НИОКР на 2-3 млн. рублей, а это в этот период немалые деньги, все участники получали дополнительную зарплату, а институт укреплял материальную базу научных лабораторий, так создавались современные лаборатории шерсти, химическая лаборатория, повышалась квалификация молодых преподавателей, они защищали диссертации, создавалась своя научная школа.

Кстати, в России при вузах сейчас создаются такие МП, мы с опережением на 20 лет имели такие эффективные структуры в научно-исследовательском секторе.

В 70-ые годы в институте существовала система целевой аспирантуры, которую курировал Ким Гусманович. Лучшие выпускники, оставленные для работы на кафедрах, отбирались в целевую аспирантуру ведущих вузов в городах Москвы, Ленинграда, Киева, Челябинска. С каждым кандидатом, направляемым в аспирантуру Ким Гусманович лично беседовал. Проницательности, знание людей позволял ему безошибочно определять перспективность молодого претендента, с его легкой руки многие преподаватели получили путевку в жизнь, стали в последствии крупными учеными. В результате количество оstepененных преподавателей в институте резко возросло с 25% до 39% к 1996 году.

Значительная роль Ахметова К. Г. в развитии учебного хозяйства института. Это крупное многоотраслевое хозяйство, где студенты всех факультетов могли проходить как учебную, так и производственную практику. Учебно-опытное хозяйство «Фрунзенское» первым в области освоил интенсивную технологию возделывания озимых культур, яровой пшеницы, проса, нута и ячменя, получая стабильные урожаи. Урожайность озимых культур достигла 25-30 ц/га, в системе семеноводства учхоз относился к спецхозам и занимался воспроизводством семян элиты и первой репродукций, обеспечивая потребность в сортовых семенах хозяйства не только области, но и республики.

В 80-е годы был построен и эффективно функционировал промышленный животноводческий молочный комплекс на 400 дойных коров с полной механизацией всех трудоемких процессов.

Еще одна черта Ахметова К. Г. ярко проявилась в период перехода к рынку. Экономическая концепция плановой советской экономики в одночасье рухнула. Преподаватели экономических специальностей оказались в ситуации, когда старое понятие уже не нужны, а новых еще нет. Вот здесь, одним из первых инициаторов перешедших на путь рыночной экономики, маркетинга и менеджмента стал профессор Ахметов К. Г., впоследствии написавший впервые в Казахстане учебное пособие «Основы менеджмента» для студентов экономических специальностей.

Всесторонне развитая личность, увлечение музыкой, интересный собеседник, спокойный рассудительный характер - все эти качества собирали вокруг него только хороших людей.

Хочется особо отметить еще одно его увлечение написанием родословных казахов младшего жуза (шежіре), которое вылилось в издание нескольких книг. В книгах восстановлены забытые корни людей нашего края. Этот громадный труд позволил открыть глаза многим молодым людям на свое происхождение, найти место в родословной своего Рода.

Мы были знакомы более 40 лет, общались семьями, были соседи по Аулу Ученых. Ким Гусманович прекрасный семьянин, вырастил сыновей и дочь, внуки получили высшее образование. Всегда ровный, общительный, участливый, готов прийти на помощь любому человеку - таким мы его запоем навсегда.

Бір адамның бірнеше қыры (Ким Ғұсманұлы Ахметов туралы әріптес інісінің ой-толғамы)

**Философия ғылымының докторы,
профессор Т. Х. Рысқалиев**

«Бір адамның» дегенде ол адамның өз бойына өмір бойы балалық пен даналықты, біліктілік пен іскерлікті, батылдықты пен табандылықты, ұлықтық пен кішілікті сиғыза білген тегін адам еместігін айтпай кетуге болмас. Бірақ өзі ешуақытта да үйде де, түзде де «мен сондаймын» деп кеуде көтеріп өзін дәріптеген емес. Замандас достары да, әріптестері де, оқытқан мындаған шәкірттері де ол кісіге бірегей деп қарамайтын сияқты: «өзіміздің Ким Ғұсманұлы», «өзіміздің жолдасымыз», «өзіміздің ағамыз», «ұстазымыз» деп жүре береді. Демек, бұл кісінің ерекше қасиеттерінің бірі табиғи қарапайымдылығы, көптің бірі болып, көптен бөлінбей, көптің дәрежесін көтере білген азамат.

Ким Ғұсманұлы туралы өз ойымды өрбітіп отырғанда мен өзімді ол кісімен бірге жұмыс істеген әріптес ретінде ғана емес, жақын інісі, досы ретінде сезініп жазып отырмын. Өмір туралы, айналамыздағы адамдар туралы, әдебиет, ғылым, философия тақырыбында сыр шертісетін едік. Кимақанның жай адам еместігін, ол кісіден үйренетін нәрсенің көптігін, ол кісінің жұмысқа, кәсіби мамандығына, қызметтес, әріптес жолдастарына адалдығын, асқан ұқыптылығын, ішкі және сыртқы дүниесінің тазалығын сезіп, біліп қатты сыйлап, пір тұтатын едім. Осындай ағаларға өмірде тап қылған тағдырыма әрқашан ризашылық білдіремін.

Тақырыпқа қайтып оралайын. Кимақанның қырлары жөнінде. Елімізде 25 жасында ұжымшар (колхоз) басқарған, 29 жасында ауаткомның (райисполком) төрағасы болған, 32 жасында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болған адам, асылы көп бола қоймас. Қазірде мұндай жаста министрлер, ірі-ірі компаниялардың бастықтары болып жатқаны таңсық емес. Бірақ ол кезде өткен ғасырдың 50-жылдары ондай лауазымға ие болу сирек құбылыс болатын. Кеңес дәуірінде кадр мәселесіне қатаң қарады, кадрларды талай іріктеуден өткізіп отырды. Міне, осыған орай Ким Ғұсманұлының өжеттігін, батылдығын, өзіне деген сенімділігін атап өтпеу мүмкін емес.

Бұл кісі жасынан тек «білсем» деп емес, «білгенімді жүзеге асырсам», «білгеніме сай өмір сүрсем» деп талаптанған адам. Ата-анасы Кимақанды жасынан талпынысқа, ынта-жігерге баули білген екен деп ойлаймын. Дейтұрғанмен білім мен практиканы тап Кимақандай ұштастыра білу екінің бірінің қолынан келмейтіні айдан анық.

Шаруашылық жұмыста Кимақан үлкендерден көп нәрсені үйренді, төселді, абыройлы болды, атақ алды, орден-медальдармен, Жоғарғы Кеңестің Құрмет грамотасымен марапатталды. Бәрі ойдағыдай жүріп жатты. Шаруашылықтағы қызметтің де қиындықтары мен бірге қызығатын, адамды баурап алатын жақтары жетеді екен. Бірақ Москвадағы К.А.Тимирязев атындағы ауыл шаруашылық академиясынан алған білім мен тәрбие Ким Ғұсманұлын тағы бір белестерге – ұстаздық пен ғылым саласына жетектеді.

Ким Ғұсманұлы өндірісте қалай өсіп жетілсе, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылық институтындағы қызметте де тап солай өсті. 40 жылдан астам уақыт ішінде ол оқытушы, аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі, проректор, профессор қызметтерін абыроймен атқарды. Жиырма жылдан астам ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор, он жылдай кафедра меңгерушісі. Өне бойы ізденді, өне бойы үйренді, өне бойы шәкірттер тәрбиеледі.

Ғылыми дәрежесі бойынша Ким Ғұсманұлы – ауыл шаруашылық ғылымдарының кандидаты. Бірақ 1989 жылы ССРО Мемлекеттік Комитеті (ВАК) бұл кісіге «Басқару және кеңестік құқық» кафедрасы бойынша профессор ғылыми атағын берді. Бұл да ағамыздың білім беру ісіндегі жаңа қыры, жаңа белесі болып шықты.

Ізденіс мұнымен де біткен жоқ. Еліміз тәуелсіздік алды, нарық жолына түсті. Жоғары оқу орнындағы ұстаздарға, ғалымдарға жаңа пәндерді, курстарды игеруге тура келді. Өңірімізде, университетімізде менеджмент және маркетинг саласын қолға алу, жолға қою

міндеті зейнеткерлік жасқа жеткен Ким Ғұсманұлына жүктелді. Кимақан тағы да жаңа қырынан көрініп, бұл істі де ұршықтай үйіріп әкетті. Қазақ және орыс тілінде менеджмент және маркетинг негіздерінен сабақ берді, аспиранттар, магистранттар даярлады, оқу құралдарын жазды. Басқа авторлармен бірігіп жазған Ким Ғұсманұлының «Менеджмент негіздері» және «Основы менеджмента» деген оқулықтары қазір еліміздегі жоғарғы оқу орындарының бәрінде студенттер іздеп жүріп оқитын құралға айналды.

Өмірінің соңғы кездерінде Ким Ғұсманұлы жаңа қырынан, тіпті күтпеген жақтан көрініп, өзінің түсінігін, даналығын, осы ғұмырында түйгендерін паш еткен тарихшылық, жазушылық, шежірелік тұрғысынан таныла бастады. Бірнеше кітаптар жазды.

Тарихқа немқұрайды қарамайтын философ ретінде Кимақанның бұл саладағы көзқарасы жөнінде бірер ауыз айтуды жөн көріп отырмын.

Белгілі философ, академик, сенатор Ғарифолла Есім баспасөз бетінде ру, рушылдық идеологиясынан біз арылуымыз керек, өйткені бұл қазақтығымызға, демек, азаматтығымызға сын деп айтып та, жазып та жүр. Оның ойынша, «әрбір қазақ үшін оның руы отбасының архивіне айналып, жария болудан қалғаны жөн» («Егемен Қазақстан», 2006 жыл, 14 наурыз). «Рушылдық азаматтыққа сын» деген пікірге келісуге болар, себебі азаматтық жалпы елдің өкілі дегенді білдіреді, ал «рушылдық қазақтығымызға сын» деген пікірмен келісу қиын. Ру, рушылдық қазақ дінінің, демек, қазақ халқының ұлттық ерекшелігінің бір көрінісі. Қазақ тарихынан рулардың тарихын алып тастар болсақ, онда біз қазақты танымай қалар едік. Қазақ тарихын зерттеуші, жазушы Қойшығара Салғараұлы өзінің «Қазақтың қилы тарихы» деген роман – эссесінде (Алматы, Жалын, 1992 ж.) қазақ халқының тарихы ру-тайпалардың тарихынан, солардың ру басшылары көсемдерінің, жаужүрек батырлары мен бірлік үшін тер төккен билерінің, елеулі кезеңдерде ел тізгінін ұстаған қағандары мен хандарының іс-әрекетінен құралады деп жазады.

Халықтың, ұлттың құрамы біртекті бұқарадан (массы), Абай айтқандай, тобырдан, дүрмектен ғана тұрмайтыны белгілі. Қай ұлттың да іліп алар қаймағы, бетке ұстар дегдары, көсемі, шешені, сонымен бірге қалай болса солай өмір сүретін топтары да болады. Бірақ халық өзін таныстырғанда игі жақсыларын, ақылғөй даналарын, билері мен батырларын алға тартады. Кейінгі ұрпақтарын солардың атымен, атқарған істерімен тәрбиелейді. «Біздерде мыналар бар, мыналар бар» деп соларды мақтаныш етеді.

Қазақ халқының атын шығарған ақындары, батырлары өздерін таныстырғанда арғы тегін, руын тілге тиек еткен. Махамбет: «Айғайлап жауға тиген де, Ағатай, Беріш – ұраным» десе, Мәди: «Сұрасаң руымды – қаракесек» дейді. Мұхамбет Хайдар өзінің дулат руынан екенін білдіріп, өзіне Дулати деген ат қосып алады, ал Әбубәкір Кердері өзін «Кердері деген халықпыз» деп таныстырады.

«Шежіре, - деп жазады осы тақырыпқа қалам тартып жүрген профессор Мәулен Құдайқұлов, - халықтың қасиетті тарихы, атадан балаға қалған асыл мұрасы, ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығының қайнар көзі. Ғылыми тұрғыдан «шежіре» сөзінің төркіні арабтың «шаджарат» деген сөзінен шыққан, бұтақ, тармақ деген мағына береді. Ал халықтық этимологиялық тұрғыдан «шежіре» - «шеш және ірге» деген екі сөзден құралып, халықтың шығу тегін тарата шешіп, тармақтап саралайтын мағына білдірсе керек (Ұлт тағылымы, №4-5. - 1999. -16 б).

Осы кезге дейін жарық көрген кітаптары арқылы Кимақан жылнаманы Батыс өңірінде өмір сүрген белгілі тұлғалардың ғұмырнамасына айналдырады. «Әр халықтың өз тегін, қайдан шыққанын білуге деген құштарлығы, өзінің түп - тамырын тереңнен таратқысы келетіні әріден келе жатқан ұмтылыс, - деп жазады Ким Ғұсманұлы. – Шежіре ғасырдан ғасырға ұласып, атадан балаға жалғасып келе жатқан тұнба байлық».

Шынында да, қазақ арасында кезінде талай - талай шежірешілер шыққан. Қадырғали Жалаир, Әбілғазы Баһадүр, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сәбит Мұқанов, Мұхамеджан Тынышбаев, Халел Досмұхамбетов, Әлкей Марғұлан т.б. қазақ тарихының дәстүрлі саласы шежіре екенін дәлелдеп, шежіре жазып қалдырды.

Ким Ғұсманұлы өзі жазған және басқа авторлармен (Тоқсанов Б., Атаев А.Қ., Мұхамбетқалиев С., Ғабдуллин Х.А., Әзербәев Е. Р) бірігіп жазған шежірелік кітаптарында кімнің қайдан, қай рудан, аталықтан тарағанын тізіп теріп қоймайды, лирикалық, философиялық шегіністер жасап, рулардың ерекшеліктерін, өкілдерінің дүниедегі, тарихтағы орнын, рөлін шебер суреттеп отырған. Аталған шежірелік кітаптарда аңыздар да, шындыққа айналған хикаялар да, ретімен, орынды келтірілген өлең туындылары да, әзіл әңгімелер де кездесіді. Кимақанның шежірелері осы жағынан да оқырманға тартымды, әр алуан ой салады.

«Адам – шексіз» дейді философия. Ким Ғұсманұлының адами, ұстаздық, ғұламалық қырларын айтып тауысу қиын. Сондықтан осымен доғарайын.

Ученый-старейшина из поколения тридцатых (к 80-летию профессора К. Г. Ахметова)

Р. М. Курмангалиев

**доктор геолого-минералогических наук,
профессор, академик АЕН РК**

Ким Гусманович Ахметов, уроженец пос. Джамбейты Западно-Казахстанской области (1930 г.), выпускник Джамбейтинской средней школы (1948 г.) и Московской сельскохозяйственной академии им. К. А. Тимирязева (1953 г.), прошел большой разносторонне насыщенный трудовой и жизненный путь от преподавателя Уральской сельскохозяйственной школы по подготовке и переподготовке председателей колхозов и председателя колхоза им. Энгельса Джангалинского района до председателя райисполкома первого секретаря Джаныбекского райкома партии КП Казахстана и первого заместителя начальника Западно-Казахстанского областного управления сельского хозяйства.

С большим багажом практический знаний и опыта в сферах сельскохозяйственного производства, работы районных партийно-советских органов и областного управления сельским хозяйством, К. Г. Ахметов в 1967 г. переходит во вновь открывшийся Западно-Казахстанский сельскохозяйственный институт доцентом кафедры организации сельскохозяйственного производства, где вскоре становится заведующим этой же кафедры и кандидатом сельскохозяйственных наук.

Надо сказать, это редкий случай на областном уровне того времени, когда преуспевающий в своей отрасли специалист, находясь в зрелом активном возрасте и уже с немалым багажом накопленных знаний и жизненного опыта, переходит на научно-педагогическую работу, значительно ниже оплачиваемую и менее престижную, чем та, которую он выполнял на прежних должностях. В этом видится внутренняя склонность человека, заложенная в нем, по-видимому, генетически, и выражающаяся в потребности непосредственной работы с молодыми людьми с целью подготовки высококвалифицированных специалистов для сельскохозяйственной отрасли региона. Больше того, врожденное трудолюбие и научная активность послужили основанием для назначения К. Г. Ахметова проректором по научной работе Зап. Каз. СХИ, в должности которого он находился почти 25 лет (1972-1966 гг.). В 1989 г. ГАКом СССР ему присвоено ученое звание профессора по специальности «Управление и советское право».

Мое знакомство с проректором по научной работе Зап.Каз.СХИ, профессором К. Г. Ахметовым состоялось в декабре 1992 года, когда мне, как члену бюро вновь созданного (в г. Атырау, 04.12.1992г.) Западного отделения НАН РК, было предложено посетить Западно-Казахстанскую область и собрать все сведения об имеющихся научных кадрах, выполняемых научно-исследовательских работах и имеющихся наработках, требующих своего развития. Ким Гусманович подробно ознакомил с имеющимся научным составом и потенциалом института, приоритетными научно-исследовательскими работами, ведущими учеными.

В связи с образованием в области 21.00.1993 г. Уральского научного центра Западного отделения НАН РК, по предложению ректората Зап.Каз.СХИ местом размещения научного центра был определен Западно-Казахстанский сельскохозяйственный институт, где имелись необходимые условия для выполнения научно-исследовательских работ, в том числе по приоритетным направлениям, выполняемых совместно с учеными ВУЗа. Ким Гусманович, как и ректор института профессор С. Ш. Джубаев, хорошо понимали первостепенную необходимость подготовки научных кадров высокой квалификации как для развития сельскохозяйственных наук, так, и для наук технических, экономических и гуманитарных. А для этого необходима тесная связь с большой академической наукой.

Эта целенаправленная и дальновидная политика дала в конечном счете свои результаты. Если на начало 1993 г. в Зап. Каз. СХИ были только три штатных доктора наук (П. В.

Ковель., В. Д. Фетисов., В. В. Киянский) и пять профессоров (С. Ш. Джубаев., К. Г. Ахметов., А. А. Антоненко., Б. Г. Гумаров., В. В. Киянский), в настоящее время в ЗКАТУ им. Жангир хана насчитывается 24 докторов наук и 15 профессоров, утвержденных ГАКом РК. В этом немалая заслуга всего ректората ВУЗа, и в частности бывшего проректора по научной работе К. Г. Ахметова, так как именно при нем была заложена базовая основа для создания сегодняшнего научного потенциала ЗКАТУ им. Жангир хана. И присвоение ему в 2003 г. Указом Президента Республики Казахстан почетного звания «Заслуженный деятель Казахстана», является заслуженной оценкой его многолетнего плодотворного труда и весомого вклада в развитие вузовской науки.

Под его научным руководством 7 молодых ученых защитили диссертации на соискание ученой степени кандидата экономических наук и 5 специалистов удостоены звания магистра экономики. В списке его научных трудов более 270 наименований, включая монографии, учебник и учебные пособия, методические рекомендации и др. Наиболее важные из них монографии: «Животноводство Западного Казахстана» (на каз.яз.), «Научная организация труда в овцеводстве», «Справочник зооинженера», «Экономика и организация управления АПК Казахстана» и др., а также учебные пособия: «Основы менеджмента», «Управление сельскохозяйственным производством», рекомендованные для студентов вузов.

Являясь крупным ученым в области сельскохозяйственной экономики, менеджмента и маркетинга, Ким Гусманович внес также неоценимый вклад в изучение и восстановление прошлого своего народа Западного Казахстана (Младшего вуза). За последние 10 лет (2000-2009 гг.) им выполнена обширная научно-исследовательская работа, которой охвачено восстановление родословия (шежіре) более 20 известных казахских родов из родовых объединений Байұлы и Жетіру. Исследования выполнялись в инициативном порядке, без системного финансирования, за исключением эпизодических поддержек отдельными спонсорами, понимающими важность и значение его работ. Надо владеть колоссальным кругозором, глубокими знаниями и неисчерпаемым трудолюбием, чтобы правдиво восстановить родословия (шежіре) большинства родов многомиллионного Младшего жуза, начиная от их истоков и до наших дней. Вопрос постоянно усложнялся тем, что многие, знавшие свою историю ақсақалы, унесли с собой эти знания в иной мир, а из оставшихся, более молодых, большинство лучше помнят членов Политбюро ЦК КПСС и секретарей обкомов КП Казахстана, чем своих предков, которые вдохнули в них жизнь и создавали ценой своих жизней в течение многих веков их настоящее благополучие. Тем не менее, все изданные им книги-шежіре поразительно быстро разошлись и спрос на них как в нашем регионе, так и у наших сородичей из сопредельных областей РФ, значительно превышает скромные тиражи издания. Поэтому для всех, кто серьезно интересуется своим происхождением и историей становления нынешних поколений, приводим перечень этих правдивых книг- шежіре:

1. Сұлтансыық шежіресі. - Орал қаласы, 2000. - 189 бет (в соавторстве)
2. Байұлы және Жетіру және Төре, Төленгіт, Ноғай қазақ шежірелері. - Орал, 2002. - 292 бет. (в соавторстве)
3. Жетіру шежіресі (Тама, Табын және Кердері рулары). - Орал, 2004. - 132 бет.
4. Кіші жүз Алаша руының шежіресі. - Орал, 2006. - 160 бет.
5. Бөкейлік Төленгіттер. - Орал, 2003.- 63 бет (в соавторстве)
6. Кіші жүз Асқар (Байбақты, Танбақты, Тыңбақты) және Тана руларының шежіресі. - Орал, 2008. - 192 бет.
7. Кіші жүз сегіз арыс Маскардың шежіресі. - Орал, 2009. - 308 бет.

Ценность названных книг-шежіре состоит в том, что по мере развития цивилизации, науки и культуры, потребность в знании своего прошлого для каждого образованного человека будет чувствоваться, очевидно, все острее и насущнее. Возможно, в том обществе, где придется жить нашим потомкам, о человеке станут судить не по его инициативно-приспособленческим свойствам, предприимчивости, популизму, родственным связям, но и по знаниям, деловым качествам, добропорядочности и

честности. Последние из перечисленных свойств закладываются в человеке от рождения, зависят от происхождения. Но знать свое прошлое надо не для того, чтобы повхвалиться своими предками или, тем более, злоупотреблять их добрым именем и авторитетом. Знать прошлое необходимо, чтобы уметь уважать себя и свое достоинство, постоянно чувствовать ответственность и перед своими предками, и перед потомками. Помните, что «... грехи предков только тогда не падают на потомков, когда потомки не склонны гордиться своим происхождением» (Роберт Штильмарк, «Звонкий колокол России», 1976г.).

Таким образом, труды, которые создал наш глубоко уважаемый бас-ақсақал Ким Гусманұлы, труды ценные и исторически правдивые - это непоколебимая глыба гранита, монумент, с которого светит ныне его высокий авторитет, заслуживающий воздаяния ему глубокого почтения многих поколений - потомков Младшего жуза.

Это могучий и неутомимый труженник, это признанный педагог высшей школы, это ученый и достойный гражданин, который прожил большую жизнь полную трудностей и лишений.

Көкірегі толған шежіре

Серік Ықсанғали,
Жайық ардагері
13 қазан 2005 жыл.

Ким Ғұсманұлы Ахметов өз өмірінің 40 жылға жуық уақытын Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-ға арнаған. Осында оның бүкіл саналы өмірінің басым бөлігі өтті. Осында ғылыми диссертация қорғап, профессор атанды, 200-ден астам ғылыми, ғылыми-әдістемелік оқулық, оқу құралдарын, ұсынбалар жазып, атын айдай әлемге танытты. Аталмыш оқу орнында 24 жыл бойы ғылыми жұмыс жөніндегі проректор лауазымында еңбек етіп, Қазақ-Ресей бірлескен «Аспан» атты ғылыми фирманың құрылуына мұрындық болып, өзге де игі істерге бастау салып, өзі еңбек ететін жоғары оқу орнының биік беделіне лайықты үлесін қосқан.

Бүгінде өткен ғасырдың еншісінде қалған, сонау 1930 жылдың 13 қазан күні Жымпиты ауылында дүниеге келген Ким аға, әрине келешекте осылай ардақты азамат, белгілі ғалым, сыйлы ардагер боларын білген де, сезген де жоқ. Әйтеуір, әкесі Ахметов Ғұсманның игі ықпалының арқасында және сол бір заманның ағымымен бала кезінен білімге құштар болыпты. Сабаққа зерек болып, құрбы-құрдастарының алдын берген емес. Басқаша болуы да мүмкін емес еді. Өйткені әкесі марқұм бала кезінен арабша хат танып, кейін Елек қаласынан педучилище бітірген, сол заманның сауатты да парасатты жандарының бірінен болатын. Сондай әкеден жаратылған баланың жұрттан кейін қалуы мүмкін бе?

Бұғанасы бекіп, ер жетті. Ұшқыр ой, асыл арман оны мектеп бітіргесін қияға жетелеп, өзінің дегеніне жеткізді. Жас жігіт сол кездегі Кеңес Одағының көп адамына арман болған, алып қала, білім мен мәдениеттің «Меккесі» - Мәскеу қаласына, Тимирязев атындағы ауыл шаруашылығы Академиясына оқуға түсті.

Екінің бірі институтқа түсе алмайтын сол шақта 1948-1953 жылдары академияда оқыған Ким Ахметов ғылымның кәусар бұлағынан білімге деген шөлін қандыра ішіп, бір тылсым дүниеден екінші таңғажайып әлемге ене берді, ене берді. Оның ғалымдық дарыны, іскерлік қабілеті, адами парасаты осында әбден бекіп, қалыптасқан еді...

Еліміздің байыпты да беделді басшысы болған И. В. Сталин өмірден кеткен 1953 жылы оқу бітірген Ким Ғұсманұлы туған еліне оралды. Сол сол-ақ екен, солақай саясатшы Н. С. Хрущевтің саяси және экономикалық өмірдегі «сапырмасы» басталды да кетті. Кәсіпорындар мен ұйымдар біресе құрылып, біресе ажырап жатты. Кеңешарлар мен ұжымшарлар да солардың кебін киді. Бүгінгі биліктегі кейбір «жаңашылдар» секілді аударып-төңкеруден талай адам тоқсан жерге адасып, өзіне бейтаныс талай елдің, өлкенің дәмін татты.

Солардың бірі болған - Ким Ғұсманұлы. Жас маман өзі әбден тұрақтаған 1967 жылға дейін жоғарының еркімен қайда болмады десеңізші?! Ұжымшар төрағаларын даярлайтын және қайта даярлайтын Орал ауылшаруашылығының орта мектебі, Жаңақала ауданындағы Энгельс атындағы ұжымшардың төрағасы, аупарткомның бірінші хатшысы, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының бірінші орынбасары - тағысын тағылар. Қай жұмыста да беделсіз болып көрген емес. Талай қиындықтардан сүрінбей өтіп, малтану мен егінтанудан, басқарудан мол тәжірибе жинай берді, жинай берді. Ең бастысы - адамтанудан жаңылған да, жазған да жоқ..

1967 жылы Орал ауылшаруашылығы институтына ауысып, өзінің өмірден көргені мен кәсібі тәжірибесінен жас мамандар даярлауға сарқа пайдаланып келеді. Өлі де сол ісімен ынталы да жіті түрде айналысып, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың сарабдал, салиқалы ақсақалдарының бірінен саналады. Бүгінде оның алдынан өткен, білім алған мыңдаған шәкірттері тек туған республикамыз ғана емес, бұрынғы Кеңес Одағының түкпір-түкпірінде жемісті еңбек етіп жүр. Бәрі де ұлағатты ұстаздарын ұмытқан емес., ұмытпайды да.

Былай қарағанда, екі рет «Құрмет белгісі» орденінің иегері болған, талай медаль, құрмет қағаздарымен марапатталған, 1997 жылдан бері Қазақстан Жаратылыстану Академиясының мүше-корреспонденті, «Қазақстан Республикасының құрметті қайраткері» атағы бар Ким Ғұсманұлы Ахметовке зейнетке шыққаннан кейін, қолды қусырып, алаңсыз демалуға болар

еді. Немесе үш ұл, бір қызынан көрген жеті немере, екі жиенді алақанына салып әлпештеп, тек аталық бақытқа бөленсе де, несі артық?! Бірақ жаратылысынан еңбекқор, тынымсыз Ким ағамыз бәріне де уақыт тауып жүргенге ұқсайды. Соның ішінде шежіре жазуға да.

К. Ахметов, С. Мұхамбетқалиев, Х. Ғабдуллин бірлесіп жазған «Байұлы мен Жетіру және Төре, Төлеңгіт, Ноғай-Қазақ шежірелері» атты көлемді кітап 2002 жылы Орал қаласында жарық көрген-ді. Ол дереу қалың жұртшылыққа қызығушылық туғызып, кітаптар середе көп жатып қалмай, өтіп кетті. Оны тек ғылыми танымдық еңбек деп қана емес, рулар жөніндегі энциклопедиялық сөздік десе, артық айтқандық болмас. Өйткені бұған дейін облысымызда бұрын-соңды мұндай көлемді шежіре, мұндай жан-жақты ғылыми туынды болып көрген жоқ.

Расында ауыл шаруашылығы ғылымы мен рулар шежіресі бір бірімен қиылыспайтын, бітімі бөлек дүниелер ғой. Профессор, кәнігі ғалым ағамыздың шежірелерге бет бұруы неліктен? Кездейсоқтық па әлде сабақтастық па?

Бұл - сабақтастық, - деді Ким аға бірден, - әкеміз Ғұсман партия, кеңес, шаруашылық қызметінде жүріп 40 жыл бойы рулардың шежіресін жазған екен. Оны кейін зейнетке шыққаннан кейін жинақтап, маған қолжазба ретінде қалдырды. Әрине, сонау жылдары ру, ата тек туралы сөз қозғаудың өзі қиын болатын. Оны әпербақан асыра сілтеуші біреулердің: «феодализмнің қалдығы, ескінінің сарқыншағы» деп бағалағанын жақсы білеміз. Меніңше әкеміздің бізге айтары көп әңгімесі заман қыспағының кесірінен ішінде кетті.

Шежіре, ата-тек дегеніміз не? Бұл - рулардың тарихы, солардың жиынтығынан қазақтың шежіресі құралады. Оны жазу, зерттеу, тергеп-тексеру оңай емес. Әкеміздің де ел ішінде жүріп, аузы дуалы, көнекөз қариялармен жиі сырласып, әңгімелесетіні әлі есімде. Міне, сол жүздесулер мен ақылдасулардың нәтижесінде ол шежіре жазды, оның жазғанын мен пайдаландым. Өзім де әкемнің жазбасымен шектеліп қоймай 1970 жылдан бері біртіндеп, соған уақыт тауып, деректер жинауға, шежіре түзеуге кірістім. Сіз айтып отырған кітаптан бұрын, мен сол 2002 жылы «Сұлтансиық» деген кітап шығарғанмын. Онда осы атаға жататын: Масқар, Байбақты, Тана, Алаша, Қызылқұрт тайпаларының тарихы бар. Ол кітабымыз да середе жатып қалған жоқ.

Ал сол 2002 жылы көлемді кітапты жазуға, баспаға шығаруға марқұм Сырлыбай, Хамит бауырларым көп еңбек сіңірді. Сырлыбай өзімнің туысым, бөлем, сырлас, рухтас бауырым болса, Хамит демеушілік етті. Үшеуіміз де Алаша тайпасының баласымыз. Хамит марқұм - аса білімді, парасатты азамат. Атырауда 40 жылдан астам уақыт мұнай-газ саласында жұмыс істеген. Мектепті бірге бітіріп, оқуға жұптасып аттандық. Менен айырмашылығы - ол Мәскеудің Губкин атындағы мұнай институтын бітірген, сол замандағы санаулы ұлттық кадрдың бірінен саналатын. Бізге көп демеуші тапқан да сол Хамит марқұм. Екеуіне де Аллаһдың шарапаты, тисін! Олардың есімдері: «С. Мұхамбетқалиев, Х. Ғабдуллин» болып, мәңгілік кітап мұқабасында қала бермек!

Ким ағамыздың айтуынша, шежіре кітапты жазуда көп қиындыққа ұшырасқан. Деректердің аздығы, барының да кейде бір-біріне қайшы-келуі, ру шежіресінен толық хабардар жандардың қасқалдақтың қанындай тапшылығы істің алға басуына кедергі болды. Демеушілер тауып, қаржы жинақтауға аз уақыт кеткен жоқ. Әйтеуір, Аллаһқа шүкір, 20-ның үстіндегі кәсіпорын, ұйым, жеке адамдар көмек көрсетіп, үлкен әупіріммен кітап жарыққа шықты.

Кейін Ким ағамыз 2004 жылы «Жеті ру» кітабын шығарыпты. Кіші жүзге кіретін Тама, Табын, Кердері, тағы басқа тайпалар туралы егжейлі-тегжейлі сыр шерткен кітаптың демеушісі - доғарыстағы полковник, қажы Амангелді Дүйсенәлиев. Бұл жолы Ким ағамыз Табын жөнінде Ақтөбе облысынан, Кердері туралы өз өлкеміздің Теректі ауданы Шағатай, Аңқаты, Тоғанас, өзге елдің мекендерін аралап, қариялармен сөйлесіп, қосымша тың деректер тауып, соны кітабына қосқан. Ал Тама тайпасына байланысты деректі Бөрлі ауданынан тауыпты. Сөйтіп, 2002 жылы шыққан кітабындағы осы рулар жөнінде шежірені жаңарта түсті. Мұның өзі қыруар еңбек емес пе?!

Ким Ғұсманұлының өмірлік мақсаты - айқын, рухы күшті, ақылы сергек болған азамат.

Ел баласы атанған Азамат

**Жайсаң Ақбай,
өлкетанушы, Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік университеті және Евразия академиясы
профессоры, Сырым ауданының, Орал қаласының
Құрметті азаматы.**

Әдетте шартты жасқа толған адам туралы әңгіме «мен оны бәлен уақыттан бері білемін» деуден басталады ғой.

Мен де бұл қағиданы сақтап, Ким Ғұсманұлы туралы әңгіме қозғағалы отырмын.

Біздер Киммен бір елден-Сырым еліненбіз. Бір ұядан үштық, Жымпиты орта мектебінде бірге оқыдық. Мен одан бірер класс ілгерірек оқыдым. Ким пионер қатарына өткенде, мен оған отряд вожатыйы болғанымды да әлі ұмытқаным жоқ.

Әлім жұртынан шыққан данышпан Ақсуат дау қуып келген Байұлының жап-жас баласы Сырымға табысып, тарқасарда қоштасып тұрып: «Сырым шырағым баланың екі түрі болады: үй баласы, ел баласы. Ел арасының бүтіндігін ойлап, ел баласы болайын деген ер екенсің, мұратыңа жет, бағың ашылсын!» депті.

Атасының жолымен өсіп жетіліп, Сырым топырағының баласы Ким ел баласы атанған азамат.

Сол елге танымал белгілі азамат- ғалым Ким туралы әңгімені ең алдымен оны дүниеге келтіріп, тәлім-тәрбие берген әкеден бастауымды жөн көрдім. Әкенің мінез-кұлқы, әлеуметтік қызметі баланың ой-өрісінен мықтап орын алады. Бала өскен отбасындағы қарым-қатынас, бір-бірімен сыйластық әкені әке деп ұғушылық, ал, әке әкелікке лайық боп тұрса, тәрбиенің төрі биік болады.

Әкенің қоғамдағы орны, беделі, оның ақыл-ойы, өткір сөзі, қимыл әрекеттері, басқалармен игілікті қарым-қатынасы бала жүрегінде өшпес із қалдырады. «Әкеге қарап ұл өседі» деп халқым тектен-тек айтпаса керек. Кимнің әкесі Ғұсман тек Жайық өңірінде емес, барша қазақ жұртын белгілі Алаш азаматы болды. Ол революцияға дейін білім жолына түсіп, әуелі ауылда, кейіннен Елекке (Россия) оқу тәмамдап, көп жылдар ұстаздық құрды. 1930 жылдан бастап Қазақстанның бірқатар облыстарында едәуір дәрежедегі басшы жұмыстарды атқарды. 1938 жылы «тазалауға» ұшырап, елге оралып, өмірінің ақыр аяғына дейін халқына, адамға адал қызмет істеп, абырой-атақтан кемде кем болмаған белгілі тұлға. Баласына әкенің қалдырған мұраларының бірі- бұл туыстық шежіре. Оны реттеп, толықтырып, Ким кітап етіп халқына ұсынды.

Перзент - жеміске, ата-ана - жеміс ағашына ұқсайды. Сол жеміс ағашы жас Ғұсман аға балаларына ақылға толы сөйлеген сөзімен, әділдігімен, әдептілігімен, ұстамдылығымен, берген уәдесіне бекімдігімен өмір сүру, қызмет атқару жөнінде бәрін атқарып, аталық борышының сарқа ақтаған адам. Ең алдымен Кимнің мүшелді жасқа толуын атап өте отырып, оны мәпелеп өсіріп, қоғамның белсенді қайраткері дәрежесіне жеткізген Ғұсман атаның рухы алдында бас игеніміз жөн болар.

Отбасынан кейінгі ақыл-ойды, жан-жақты қабілеттілікті жетістіре білетін, құрыштай қалыптастыратын мектеп, ұстаздар, тәрбиешілер. Жымпиты орта мектебі, онда ұстаздық қызмет атқарған Хаби Рамазанов, Әлұхамбет Өребаев, Қазима Батыршина, Тәржеке Балпейісов, Ғабдрахим Абуханов, Науша Хамзин, Хусни Жұмағалиев, Рауиль Абдрахманов қайырымдылыққа, жомарттыққа үйреткен шәкірттерге деген сүйіспеншілігі мол, таза жанды мұғалімдер болды. Білімді тиімді ету, тереңдетіп оқыту, тек қана жақсылыққа үйрету, мейірімділікке баулу оларға тән еді.

Ким Ғұсманұлы, онымен кластас болған 1948 ж. Жымпиты мектебінен мемлекеттік аттестат алып, жоғарғы оқу орнына жолдама алған түлектер мектебінің ұстаздарының берген білімі мен тәлім-тәрбиесі негізінде өздерін өмір мен еңбектің сан-алуан салаларында жоғарғы деңгейде көрсетті.

Ким Ғұсманұлы Ақжайық өңіріне танымал ғалым, профессор, Мұрат Каримов медицина ғылымдарының докторы, белгілі қоғам қайраткері, Рафаэль Каримов биология ғылымдарының докторы, Чапай Мусин тарих ғылымдарының докторы, Андижан Измұханов медицина ғылымының докторы, т.б. Осындай түлектерді тәрбиелеп өсірген Жымпиты мектебі мен оның сол кездегі ұстаздарына бүгінгі күні шын жүректен ыстық сүйіспеншілік білдіріп алған тағылым үшін бас иіп, құрмет білдірген жөн. Өйткені, жоғарыда есімдері аталғандардың, баршамыздың болашағымыздың негізі сол мектепте қаланды.

Енді, Кимнің өзіне әңгіме жалғасын тірейік. Бір данышпан айтқан екен: «Егер бүкіл өмір бойы бақытты болғың келсе - адал бол!» - деп Ким Ғұсманұлы осы қағиданы басшылыққа алып, 80 жыл бақытты, шатты өмір сүрді, қызмет етті. Өзін өзгеден артық, білімдар есептемеді, менмендікке салынбады. Әдеп, қанағат, ұят, пәктілік, сақтық, мейірімділік, ұстамдылық - Ким Ғұсманұлының бойына сіңіп қалыптасқан жақсы қасиеттер. Оның жас шағы, жігіт кезеңі, жігіт ағасы болған тұсы, қазіргі ақсақалдың кезеңі бірқалыпты, абыройлы, лайықты жалғасып келеді. Өмірді басқаларға өнеге боларлықтай өткізуді және бір данышпан: «Адамның доссыз болғандығынан, туыссыз болғаны жақсы» депті. Кимнің достары көп, әй, сірә, дұшпандары жоқ-ау деп есептеймін.

Тимирязев академиясындағы оның досы Еркін Әуелбеков кейіннен белгілі ғалым, академик, ғылым докторы Қилыбай Медеубеков болды. Бұлардың арасындағы қыл өтпес достық әр қайсысының дәрежесі әр түрлі болғанда да жалғаса береді. Өмір бойы оқуда, жұмыста қатар жүріп, Кимнің нағыз достары Мақсот Ысқақов, Қалдыбек Сәбденов, Әзекен Бірімжаров, т.б. есімдерін атап өтуіміз де орынды. Кабуснамада: «Егер ақылың болса, өнер үйрен, өйткені өнерсіз ақыл - киімсіз дене. Білім ақылдың ажар көркі» дегендей, Ким Ғұсманұлының таңдаған өнері - ғылым болды. Өмірінің отыз жылын осы ғибратты іске арнады, 39 жасында ғылым кандидаты, 24 жыл үлкен жоғарғы оқу орнының ғылым жөніндегі проректоры, 49 жасында профессор, 67 жасында Академияның мүше-корреспонденті, 100-ден астам ғылыми еңбектердің иесі Ким Ахметовтың ғалым ретінде танымал болуының айқын сипаты.

Белгілі данышпан Малайсары қария бала Сырымның кемеңгер ақыл-ойына разы болып бата беріп: «Жасың жетпіске жетпесін» депті. Бұған түсіне алмаған Сырымға: «Балам, менің жасым қазір сексенде. Жетпіске келгенде түрлі бәлеге душар болды: өткелсіз суға, асусыз тауға, табылмас жоққа, қара шашты шешеге, қайырымсыз әкеге, дауасыз дертке. Міне, мен сені осы нәрселерден аулақ болсын дегенім еді, сен оған түсінбеген екенсің ғой, әйтпесе, мен сенен жүз жетпіс жасты көпсінермін бе?» деп наз еткен көрінеді.

- Иә, биім, өткелсіз суға, асусыз тауға кезіккен екенсіз - буыныңыз босап, тізеңіз қалтыраған екен, қолыңызға таяқ ұстасаңыз таяныш болады. Табылмас жоққа кездессеңіз - көзіңізді мұнар шалған екен, бесаспап кісеңізді қолыңыздан тастамаңыз, ақша салатын жанқалта салдырып алыңыз, керегіңіз жаныңыздан табылады. Қара шашты шешеге, қайырымсыз әкеге тап болсаңыз - бала мен келінге қадіріңізге жетпейді екен, оларға жағу үшін көзді соқыр, құлақты кереңге айналдырыңыз. Дауасыз дертке кездессеңіз, оны ұлғайған жасыңыздан көріңіз» дейді. Сырым данышпан қарияға жауап қатып. Бұны құптаған Малайсары Сырымға: «Елің сүйсе, басқа дұшпан ештеңе етпес» деп батасын беріпті. Замана өзгеріп тұратын құбылыс. Бұл әңгіме осыдан екі жүз жыл бұрын айтылған.

Бұл дүниеде ар-намысы мол, зерделі адамның бағасы жолбарыстың құнындай дегендей, профессор Ким Ғұсманұлын сол аңдардың құдайының бағасындай деп тұжырым жасай аламыз.

Ғалым - ұстаз

А. Ұ. Сұлтанов,
ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты,
доцент, «Маркетинг және менеджмент» кафедрасының меңгерушісі

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің профессоры Ким Ғұсманұлы Ахметов - басқару, менеджмент және маркетинг саласында, сондай-ақ нарықтық экономика жағдайындағы ауыл шаруашылық өндірісін ұйымдастырудағы көрнекті ғалымдардың бірі. Оның саналы өмірінің қырық үш жылдай уақыты Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде өтті. Сонымен қатар ол кісінің көп қырлы ғылыми, шығармашылық - педагогикалық жұмысы аталмыш жоғары оқу орнында істеліп жүзеге асырылды.

Ғалымның маңызды монографиялары мен еңбектері: «Батыс Қазақстанның мал шаруашылығы», «Қой шаруашылығын ғылыми ұйымдастырудағы еңбегі», «Зооинженердің анықтамасы», «Экономика және Қазақстандағы АӨК басқаруды ұйымдастыру», «Менеджмент негіздері» және «Ауылшаруашылық өндірісін басқару» деген оқулықтары мен оқу әдістемелері күндізгі және сырттай оқитын студенттерге ұсынылып, оқу процесінде кеңінен қолданылып жүр. Сондай-ақ жақын арада қазақ және орыс тілдерінде «Сапа менеджменті» әрі «Өндірістік менеджмент» оқулықтары жарық көрді.

Ол университетте 24 жылдай ғылыми жұмыстар проректоры қызметін атқарды. Университеттің тек оқу емес, сондай-ақ ғылыми орталық ретінде құрылуына көп еңбек сіңірді. Ғалымның жеке үлес қосуы нәтижесінде бірлескен «Аспан» Қазақстандық - Ресейлік ғылыми фирма, «Зерде» ғылыми - өндірістік орталығы, жүн сапасына талдау жасайтын сертификаттау орталығы, аспирантура құрылған болатын. Университетте ғалымның зерттеулері нәтижесінде 20 жаңа технология, 18 жаңа құрылғылардың түрі өндірілген және 70-ке жуық ғылыми зерттеулер жүргізілген.

Ким Ғұсманұлының жетекшілігімен экономика ғылымының кандидаттық дәрежесін алу мақсатында 7 жас ғалым диссертацияны сәтті қорғады, сонымен бірге 5 магистранттың диссертациясына басшылық етті.

Ахметов Ким Ғұсманұлының еңбек жолындағы үлкен жауапкершілігі, еліміздің болашағы жастарды жан-жақты тәрбиелеудегі еңбегі орасан зор. Сондай-ақ, Ким Ғұсманұлының ата-бабамыз қазақ тегінің тарихи дамуына байланысты Батыс Қазақстан өңіріндегі рулардың шығу тарихтарын зерттеудегі өзінің шежірелерінде үлес қосып, өшпестей еңбегін қалдырды.

Қазіргі уақытта «Маркетинг және менеджмент» кафедрасында «Сапа менеджменті», «Менеджмент теориясы мен тәжірибесі», және «Персоналды басқару» пәндерінен дәрістер жүргізіп, оқу-әдістемелік кешендер даярлады, кафедра отырыстарында жас әріптестеріне әрдайым өз тәжірибесін аямай, үлкен көмек көрсетіп, ақыл-кеңес беруге жалықпаған. Университеттегі магистранттар мен студенттерге өз уақытын ерекше бөліп, олардың білімдерін толықтырып, кеңейтуге аса жауапкершілікпен қараған ғалым.

Университет ұжымы Ким Ғұсманұлы Ахметовтың ерен еңбегін аса зор бағалаймыз, оның бейнесі әрқашан есімізде сақталады.

Ауельбеков Еркін Нұржанович Социалистік еңбек Ері, Көкшетау, Торғай, Қызылорда облыстарының обком КП 1-ші хатшысы, ЦК КПСС мүшесі, СССР Жоғары Советінің депутаты болған.

Ким Ғұсманұлы Ахметовпен 1948-1953 жылдар аралығында К. А. Тимирязев академиясында бірге оқыған курстасы, адал жолдасы, елге белгілі азамат Ауельбеков Еркін Нұржановичтың Ким Ғұсманұлына жазған хаты.

Құрметті Ким Ғұсманұлы!

Сенің мерей тойыңмен құттықтаймын, денің сау, қызметің табысты, семьяда бақытты болуыңа тілектестік білдіремін!

Өтіп бара жатқан өмір ғой, Пайғамбардың жасына қалай келіп қалғанымызды байқамай да қалыппыз. Оған өкінбейік. Адал еңбек еттің, семьялы болдың, елге сыйлы азамат болдың, бәрі қайырлы болсын. Әлдеде күш жігерің көп, мүмкіндігің бар, көп жылдар еңбек етуіңе тілектеспін.

Бір-бірімізге бара алмай, жұмыстың соңында кетіп, арамызды салқындатып алған сияқтымыз. Енді оны түзеуге мүмкіндік туды ғой деп ойлаймын.

Менімше келісіп, уақыт тауып 10-15 күн бірге болып - Орал, Көкшетау, Алма-Атының мүмкін Мәскеуді аралап шықсақ дұрыс болар еді. Жанды жанға ұластырған болар едік. Ойластырып көрсең. Бахыткерей, Омар, Рафаэль, Мақсұт, Еркін, Ким, Абдуали - жақсы компания болар едік.

Біздерде аманбыз. Балалар Алматыда (бір ұл, бір қыз) тұрады. Дәм тартып Москваға келіп қалдық. Күлше екеуіміз ғана тұрамыз. Тұбі тұрағымыз Алма-Ата болар.

Мүмкіндігің болса хабарласыңдар.

Сәлеммен Еркін.
1990 жыл 25 октябрь.

**Қаламгер ұстаз, тыл ардагері, журналист Құспан Ғұбашев
«Жүздесу» газеті 1 қаңтар 2006 жыл**

**БҚАТУ-дың бұрынғы кафедра меңгерушісі, құрдас, профессор
Ким Ғұсманұлы Ахметовке**

Ерте есейіп жасыңнан,
араластың өмірге.
Талайды өткізіп басыңнан,
танымал болдың өңірге.
Басқарма да болдың сен,
секретарь да болдың сен.
Ғылымға да бет бұрып,
Профессор болдың сен.
Тарихын зерттеп рудың,
Үлкен іске бел будың.
Шежіресін жазып өлкенің,
Ата жолын сен қудың.
Шежіренді діттей бер, Руларды жіктей бер,
Шежіренді қайта жаз, Зерттеуіңді бүкпей бер.

**Игі тілекпен Экономика және бизнес институтының ұжымы
2005 жыл қазан айы.**

Қымбатты Ким аға!

Алашаның баласы,
Жоқ ешкімнің таласы.
Қабылдады қаласы,
Ұмытқан жоқ даласы.

Мал өріске толса да,
Мал маманы болса да.
Экономист боп кетті
Шәкірттері қол соға.

Бастық болды сыйлыдай,
Ғалым болды мыйлыдай.
Үзенгілес жолдасы,
Академик Қилыбай.

Жымпитының жазы бай,
Қыздарының назы бай.
Ең қымбатты шәкірті
Қараұлы Қазыбай.

Диссертации, выполненные и защищенные под руководством К. Г. Ахметова

Даришев М.М. Организация управления в овцеводческих совхозах и пути ее совершенствования (на примере совхозов Уральской области Казахской ССР): Автореф. дисс. канд. экон. наук / Московская сельхозакадемия им. К.А.Тимирязева. – Москва, 1979. – 16 с.

Жумаев Ж. Ж. Организация внутрихозяйственных отношений в сельскохозяйственных производственных кооперативах: Автореф. дисс. канд. экон. наук / Московская сельхозакадемия им. К. А.Тимирязева. – Москва, 1998. – 16 с.

Бисенгалиева С.Е.Формирование доходов работников сельского хозяйства в рыночных условиях: Автореф. дисс. канд. экон. наук. / Московская сельхозакадемия им. К. А. Тимирязева. – Москва, 1999. – 16 с.

Нугманова М.К. Пути повышения эффективности производства в крестьянских (фермерских) хозяйствах Западно-Казахстана: Автореф. дисс. канд. экон. наук. /Московская сельхозакадемия им. К. А. Тимирязева. – Москва, 1999. – 16 с.

Қазамбаева А.М. Ауыл шаруашылығы өндірісін басқаруды ұйымдастыру механизмі (Батыс Қазақстан облысы материалдары негізінде): экономика ғылым. канд. дисс. Авторефераты / Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті. – Алматы, 2003. – 32 б.

Балкибаева А. М. Организация управления рынком зерна: региональные особенности и механизмы совершенствования (на материалах Западно-Казахстанской области): Автореф. дисс. канд. экон. наук. / Казахский государственный агротехнический университет им. С. Сейфуллина. – Астана, 2004. – 29 с.

Қуанғалиева Т. К. «Аграрлық жоғары оқу орындарына сапа менеджмент жүйесін енгізу негізінде ауыл шаруашылығын білікті ресурстарымен қамтамасыз етуді жетілдіру (Батыс Қазақстан облысының материалдары негізінде): Экономика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне іздену диссертациясының авторефераты. / С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті. – Астана, 2009. – 28 б.

**№ 0506 - Экономика мамандығы бойынша
Ахметов К. Ғ. ғылыми басшылығымен қорғалған
магистрлік диссертациялар:**

Рахова А. К.: Управление персоналом в промышленных предприятиях Западно-Казахстанской области.

Файзуллина А. С.: Батыс Қазақстан облысында электронды Үкіметті орнату жағдайы және оны жетілдіру жолдары.

Есенова А. А.: Батыс Қазақстандағы туризмнің дамуы және оны жетілдіру жолдары (БҚО мәліметтері бойынша).

Қарекесова Г. А.: Батыс Қазақстанда нарықтық қатынастар жағдайында аймақтың дамуын стратегиялық жоспарлау.

Досанов А. К.: Экономическая эффективность СМК на примере УМГ «Уральск» АО «Интергаз центральная Азия».

Список научных трудов профессора К. Г. Ахметова

1966

1. Рекомендации о комплексных механизированных чабанских бригадах в совхозах и колхозах Уральской области. – / Уральское обл.упр.с.х., Каз.НИИЖ, Уральская обл. с.х.опытная станция. – Уральск,1966. – 33 с. (Соавт.: В. Абдуллин, А. Сапрыкина, А. Сабиров, А. Борисов, Т. Галимов, К. Дуйсенов, К. Айтмухамбетов).
2. Укрупненная чабанская бригада на хозрасчете // Сельское хозяйство Казахстана. – 1966. – № 10. – С. 44. (Соавт.: Б. Г. Гумаров).
3. Чабан за рулем трактора // Экономическая газета. – 1966. – № 46.

1967

4. Архимедов рычаг чабана. Чабанские комплексные – это выгодно // Ленинская смена. – 1967. – 26 января.
5. Резервы повышения производительности труда в овцеводстве // Сб. мат. I-ой науч. конф. проф.-преп. состава Зап.-Казахст. СХИ. – Уральск,1967. – С. 97–101.
6. Ростки нового // Овцеводство. – 1967. – № 5. – С. 29-31.
7. Укрупненные бригады – важный путь повышения эффективности овцеводства // Орал өңірі. – 1967. – 29 января
8. Шопандар бригадасы және еңбек өнімділігі // Лениншіл жас. – 1967. – 26 январь.

1968

9. Специализация сельскохозяйственного производства // Рекомендации по системе ведения сельского хозяйства. Уральская область. – Алма-Ата: Кайнар, 1968. – С. 51–57. (Соавт.: Н. Ф. Ершов, А. А. Конкин, А. В. Кузнецов, А. М. Мамешев, С. Исаков, А. М. Тулебаев)
10. Экономическая эффективность системы ведения сельского хозяйства. // Рекомендации по системе ведения сельского хозяйства. Уральская область. – Алма-Ата: Кайнар, 1968. – С. 326–331. (Соавт.: Н. Ф. Ершов, А. А. Конкин, А. В. Кузнецов, А. М. Мамешев, С. Исаков, А. М. Тулебаев, К. Ружейников).

1969

11. Вопросы организации труда в овцеводстве Казахстана / Тр. Каз. НИИ животноводства. – Т. VIII. – Алма-Ата, 1969. – С. 340–352. (Соавт.: В. А. Абдуллин).
12. Мнения и предложения колхозников // Орал өңірі. – 1969. – 26 сентября.
13. Требования жизни // Орал өңірі. – 1969. – 11 января.
14. Укреплять колхозное строительство // Орал өңірі. – 1969. – 20 мая.
15. Эффективность новых форм организации труда в овцеводстве Уральской области: Автореф. на соискание ученой степени канд. с.-х. наук / МСХ СССР АЗВИ. – Алма-Ата, 1969.

1970

16. Некоторые вопросы повышения экономической эффективности овцеводства в Уральской области // Животноводство. – 1970. – № 9 – С. 17–19. (Соавт.: Б. Гумаров, Э. Т. Сатканов).

1971

17. Каждому совхозу – хозяйственный расчет // Приуралье. – 1971. – 12 мая.
18. Полнее использовать зональные условия для разведения овец // Овцеводство. – 1971. – С. 8–9. (Соавт.: А. Д. Шингерей, Б. Г. Гумаров).
19. Производительность труда и себестоимость. Решения июльского Пленума ЦК КПСС – в жизнь // Социалистік Қазақстан. – 1971. – 19 января. (Соавт.: Б. Г. Гумаров).

20. Управление социалистическим руководством // Приуралье . – 1971. – 13 января.

1972

21. Комплексные механизированные овцеводческие бригады (на рус. и каз.яз.) – .Алма-Ата: Кайнар, 1972. – 6 с. (Соавт.: Э. Т. Сатканов, Х. П. Иксанов).
22. Комплексные бригады в овцеводстве // Орал өңірі. – 1972. – 24 октября. (Соавт.:Э. Т. Сатканов).
23. Неделя науки (VI науч.-метод. конф. проф.-преп. сост.) // За сельскохозяйственные кадры. – 1972. – 25 марта.
24. Совершенствовать управление в совхозах // Орал өңірі. – 1972. – 18 августа.
25. Экономическая эффективность овцеводства в Уральской области // Экономика, организация и повышение эффективности сельскохозяйственного производства в совхозах и колхозах / Науч. труды Саратов. СХИ. Т. VII. – Саратов, 1972. – С. 173–179.
26. Эффективность сельскохозяйственного производства: рецензия на кн. Н.Ф.Ершова “Экономическая эффективность производства зерна и мяса”. – Алма-Ата: Кайнар, 1972 г. // Приуралье. – 1972. – 27 декабря.

1973

27. Годы становления // Приуралье. – 1973. – 19 октября.
28. Животноводство Западного Казахстана (на каз. языке). Алма-Ата: Казахстан, 1973. – 144 с. (Соавт.: А. Карасаев, Э. Т. Сатканов, С. Токкожин, Б. Гумаров, А. Нурғалиев, Б. Гераськин).
29. На новые условия оплаты труда в сельском хозяйстве // Приуралье. – 1973. – 23 ноября. (Соавт.: Г. Амруллин).
30. Неотложные вопросы требуют комплексного решения // Орал өңірі. – 1973. – 12 декабря.
31. Новые правила оплаты труда // Орал өңірі. – 1973. – 14 ноября. (Соавт.: Г. Амруллин).
32. Организационная структура управления производством // Приуралье. – 1973. – 28 февраля.
33. Управление социалистическим производством // Орал өңірі. – 1973. – 26 января.

1974

34. Если хочешь быть специалистом // Орал өңірі. – 1974. – 22 июня.
35. Методика определения зависимости экономических показателей от эффективности управления (на примере совхозов зерново-животноводческой зоны Уральской области) // Вопросы интенсификации и экономической эффективности с.х. производства в зоне юго-востока и Западного Казахстана / Науч. тр. Саратов. СХИ. Т. XIV . – Саратов, 1974. – С. 184–189. (Соавт.: Х. К. Кенжегулов, Н. Солоха).
36. Методика определения зависимости эффективности управления от экономических показателей. (на примере совхозов зерново-животноводческой зоны Уральской обл.): сообщения и доклады КАЗНИИ ЭСХ. – Алма-Ата, 1974. – вып. 4. – С. 193–196.
37. Научную работу - на уровень задач. // За сельскохозяйственные кадры. – 1974. – 30 марта.
38. Отраслевая система управления в совхозах “Плодоовощной” и ”Чаганский”: информ. листок № 528 сер. 21.17 КазНИИНТИ. – Алма-Ата, 1974. – 6 с. (Соавт.: М. Хаиров).
39. Повышать экономическую эффективность животноводства // Приуралье. – 1974. – 20 декабря. (Соавт.: Г. Амруллин).
40. Полезный труд: рецензия на книгу К. Кубейсинова “Выращивание ржи на корм скоту” // Орал өңірі. – 1974. – 13 марта.
41. Положение о комсомольско-молодежной овцеводческой бригаде. – Уральск, 1974. – 16 с. (Соавт.: С. Г. Миронов, Э. Т. Сатканов, Н. Б. Утебалиев).
42. Применение корреляционного анализа для определения численности аппарата управления (на примере совхозов зерново-животноводческой зоны Уральской обл.)

- // Вопросы интенсификации и экономической эффективности с.х. производства в зоне юго-востока и Западного Казахстана / Науч. тр. Саратов. СХИ.Т.XIV. – Саратов, 1974. – С. 207–211. (Соавт.: Х. К. Кенжегулов, Н. Н. Солоха).
43. Уральская область за годы освоения целинных и залежных земель (1953-1973гг.): справочный материал. – Уральск, 1974. – 121 с. (Соавт.: П. А. Галюк, М. Я. Грудкин, Б. Г. Гумаров, С. Д. Джаксыгалиев, С. Ш. Джубаев, Э. Т. Сатканов, В. П. Скаленко, Х. Ш. Тазетдинов).
44. Ученые производству // Приуралье. – 1974. – 10 января.
45. Ценное пособие (Рецензия на книгу “Рекомендации по формированию и использованию материального поощрения” У.С. Байжомартова) // Приуралье. – 1974. – 5 февраля. (Соавт.: Г. Амрулин).
46. Экономическая эффективность освоения целинных и залежных земель // Орал өңірі. – 1974. – 30 мая. (Соавт.: Б. Г. Гумаров).
47. Экономическая эффективность овцеводства. Овцеводство - вторая целина // Орал өңірі. – 1974. – 27 ноября.
